

П И О Н Е Р



ФЕВРАЛЬ

1956 ЖЫЛ

№ 2

ПАРТИЯ ТУРАЛЫ ЖЫР

Оймен тербеп ұйқтап жатқан Сибирьді
Ұлы Ленин дәптеріне уңілді.
Қатал күннің терезесі көзінен
Көрді ол елдің болашағын бүгінгі.


Аласа үйдің орап алған шарбағын
Труханда жатыр тұтас қар қалың.
Лениннің алыптығын сөз етіп
Ұлы Сталин қасында отыр шаруаның

Құйып елге қайрат пен күш, ақылды,
Ленин, Сталин бостандыққа шақырды.
Коммунистер партиясы бастады
Ең бір күшті зор майданға ақырғы.

Қаруменен тапты да жұрт төтелік
Қайтты қанмен кек есесі өтеліп.
Кең адымдап келіп жетті Октябрь
Жаңа күнді құшағына көтеріп.

Коммунистер партиясы даңқты
Дүниеге ұлылығын танытты.
Коммунизм сарайына сәулетті
Барады алып бастап бүкіл халықты.

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ





ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 2

ФЕВРАЛЬ
1956 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 18 жыл.

Коммунистік партия — сенің бақытың

Балалар, осы жылдың январь айында Қазақстан Коммунистік партиясының VIII съезі болып өтті. Февральда Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі өтеді.

Коммунистік партия — заманымыздың ақыл-ойы, ар, ожданы. Ол — халқымыздың бақыты. Сенің бақытың, ұлы қамқоршың, балғын достар! Сенің бақытты өмірің, тамаша тұрмысың, күнделікті оқуың, өнерің, көңілді күлкің, шаттық әнің — бәрі қамқоршы партияның арқасы.

Жастарың жетіге толып, тұңғыш рет мектеп есігін ашқандарың бәрінің есінде болар. Сонда сендерді жылы жүзді мұғалімдер қарсы алды. Сендер үшін жаңа парталар мен жазу тақталары әзір тұрды. Су жаңа оқулықтарды, таза дәптерлерді, қарындаштар мен қаламсап, қаламұштарды алдарыңа қойды. Сендер ол кезде кішкентай едіңдер. Үйде, ата-ананың аясында немесе балалар бақшасында асыр салып ойнап жүрген балғын шақтарың болатын. Мектеп дәл осылай қарсы алады деп қайсың ойладың екен? Жоқ. Ол ойларыңа келген жоқ. Мектепке неше бала келетінін, оларға қанша мектеп, қанша мұғалім, неше парта керектігін алдын-ала біреу есептеп шығарып қойыпты. Қамқорлық деген осы емес пе!

Сен қайда жүрсең де бұл қамқорлық өзіңмен еріп жүреді.

Сенің еңбексүйгіш, өнерпаз болғың келеді. Ол үшін әртүрлі үйірмелер мен мастерскойлар, пионер клубтары мен сарайлары жұмыс істейді.

Сенің көңілді демалғың келеді. Ол үшін мыңдаған лагерьлер мен санаторийлар бар.

Сенің туған өлкені зерттеп, оның бай табиғатымен танысқың келеді. Оған да кең жол ашық! Спорт, жорық, саяхат сенің бал-

ғын дененді болаттай шындап, шынықтыра түседі. Сендер бақыттысындар, коммунистік қоғамның болашақ азаматтарысындар!

Сендердің өміріңе шетелдердегі еңбекші достарың қызыға қарайды. Олардың қолы әлі бұған жеткен жоқ. Өздеріңе белгілі Түріктің атақты ақыны Назым Хикмет өз еліндегі балалардың азап өмірін, ауыр тұрмысын азалана әңгімелейді:

«Кедей шаруаның баласы Ахмедті қараныз, — дейді ол. — Ахмед тоғыз жаста. Оның аға-қарындастары көп еді, тірі қалғаны екеу-ақ — өзі мен ағасы ғана болды. Ахмедтің аяғында не шұлығы, не көн шоқай шәркесі де жоқ. Жыл бойы жалаңаяқ жүргені. Алты жасынан ол жаз болса, ыстыққа күйіп, қыс болса, суыққа тоңып, тау ішінде мал бағады. Хат танымайды. Енді осымен кеткені. Кешікпей ол өзіндей құрдастарымен бірге егінге шығады. Ахмед небары үш-ақ түрлі тамақ ішеді: онысы ботқа, аскабақ, нан. Өз өмірінде ол бірақ рет, онда да ауылдағы бір байдың үйлену тойында ғана ет жеді. Екі жасынан бері Ахмед безгекпен ауырды. Қарны қабақтай болып, өңі қан жоқ, сөл жоқ, қуарып жүретіні осыдан. Бірақ, Ахмед дәрігер дегенді білмейді. Оның ауылында фельдшердің өзі жоқ.»

Міне, капиталистік елдердегі еңбекшілердің балалары осындай ауыр, қайыршылық тұрмыста тұрады.

Біздің еліміздің қазіргі тамаша достары — Ұлы Қытай елі мен Индия елінде де бұдан біраз жыл бұрын еңбекшілер балаларының тағдыры осындай болатын. Ұлы қытай халқы мен үнді халқы отаршылдар мен қанаушылардың құлдық бұғауынан азат болғаннан кейін ғана бұл елдердің балалары теңдікке жетіп отыр.

Тіпті, Октябрь революциясынан бұрынғы Россияның өзінде де еңбекші балалардың

өмірі қандай еді? Қазақ кедейлерінің балалары да бай үйінің отымен кіріп, күлімен шықпаушы ма еді. Қысы-жазы мал бағып, жалшылықпен күн кешпеп пе еді. Мұны сендер тек кітаптан немесе үлкендердің айтуынан ғана білесіңдер. Қазір сендер бақытты жандарсыңдар. Капиталистік елдердегі еңбекші достарыңның ауыр тұрмысына сендер аянышпен, қанаушылардың үстемдігіне жиіркенішпен, кектене қарайсыңдар. Сенің туған елің коммунизм жолында күресіп жатыр. Әрбір бесжылдық еліміздегі ұлы мақсатқа жетуге жақындата түседі. Бесінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындап, біз коммунизмге қарай тағы бір қадам ілгері бастық.

Туған өлкеңе көз салшы. Соңғы екі-үш жылдың өзінде-ақ қанша ма ұлы істер жүзеге асты. Қанша қала жаңарып, қанша село пайда болды. Олардың көпшілігі әлі картаға да түсіп үлгірген жоқ.

Бесінші бесжылдықтың бел баласы — Куйбышев су электр станциясы алғашқы ток берді. Өскемен мен Бұқтарма СЭС-тері Ертіс бойында Ильич нұрын төгеді.

Талай құба шөлдердің өзгеріп, гүлге оранып, шешек жамылып ырысқа айналуын айтсаңшы! Айрылған тыннан алынған өнім мол ырызық болып, ел байлығының кең арнасына құйылды. Қызылорда су плотинасы

мен Арыс-Түркстан каналы колхоз, совхоз далаларын, егіс алқаптарын гүл-бақшаға бөлегелі отыр.

Ұланбайтақ еліміздің игі істерін түгел айтып жеткізу қыйын. Ал, алдағы міндет онан да зор.

Коммунистік партияның ХХ съезі еліміздің алтыншы бесжылдық жоспарын талқылайды. Осы ұлы жоспарға сай еліміздің барлық заводтары мен фабрикалары, шахталары мен рудниктері, колхоздары мен совхоздары өз жоспарын қабылдайды, ендігі бес жылдың ішінде не істейтіндіктерін белгілейді.

Бұл істердің бәрі біздің социалистік мемлекетіміздің жылдан-жылға нығая беруі үшін жүргізіледі, жас достар! Коммунистік партия совет адамдарының ауқатты тұрмыс құрып, бақытты өмір сүруіне үзбей қамқорлық етеді.

Коммунистік партия — сенің бақытың, балалар! Оның ұлы істеріне сендер де игі үлес қосыңдар.

«Дайындал алыс сапарға, ұзақ жылға.

Коммунистен үлгі ала бер», —

деген пионерлік әндерінді ұмытпандар! Оқуда, еңбекте, қоғамдық істерде табысқа жетіп, шыныға беріндер!

Коммунистік партияның ұлы ісі үшін күреске дайын бол!

ӘКЕ ЕРЛІГІ

Почташы ашты портфелін —
Қуандық дулап күлліміз...
Жайдары еді ақ көңіл
Асыл деген құрбымыз.
Суретін көріп Эльбаның
Жабырқады ол неге?
Неміс қызы Эмманың
Хатында бар ма әлде не?..
Көзі неге қадалды
Кластағы картаға?
Ойына не оралды,
Карта бір сыр айта ма?
Тілсіз де карта сөйлейді,
Тебрентеді бір сөз де:
Адамның бойын билейді —
Толқытады кей кезде...
Асыл да сондай сезімге

Берілді.

Себеп бар мұнда.
Жас іркілсе көзіне,
Жасық деп бұл сәт жазғырма!
Жағасында Эльбаның
Гүл қоршаған қабір бар.
Жүрегінде Эмманың
Соған деген жалын бар.
Өмірін әке арнапты
Еліне, қызы — Асылға
Бақытын да қорғапты,
Беріпті тауып досын да.
Хат жазыпты «Достым» деп
Пионерге пионер.
Жер жүзінде достың көп, —
Соларды сен де сүйе бер!

М. Әлімбаев.



Звено Намысы

М. Абдыхалықов

Әңгіме

— Әлгі мақтаулы звеномыздың вожатыйы осы бола ма? — деп сұрады сұңғақ бойлы, келте қыйылып, бір қапталына салбыраған шашы аққұба жүзін ерекше жасартып, сән беріп тұрған жас жігіт. Ол мұны оқытушылар бөлмесіне жаңа кірген Жоламанға қарай қолымен нұсқап, төр жақта үйілген дәптерлердің ішінен бір нәрсе іздеп жатқан толық денелі кісіге қарап айтты. Ананың сар реңді өңі үнсіз күлімдеп, көкшіл көздері қостай ишарат берген соң, ол Жоламанға қолын ұсына, ұмтылып күле: — Танысалық, — деді.

Жоламан, айтпай-ақ, оның орталық пионер газетінің редакциясынан екенін естіп келіп, біліп тұрған. Звено вожатыйлары әдейі осы кісімен әңгімелесуге шақырылған болатын. Өзін бұлай қабылдайды деп күтпей, алғашқысында қысылып қалған ол класс жетекшісіне көзін аударғанда, оның ойланып, бетіндегі жылы күлкінің сөніп бара жатқанын байқап қалды. Класс жетекшісі ісін бітіріп, дәптерлерді мұқият текшелеп болып, бұлардың қасына келді.

— Бұрын солай еді, қазір жоқ, — деді ол салмақтай, өзіне тән баяу дауыспен.

Бөлмедегі отырған, дивандарға орналасқан балалар да, басқалар да құлақтарын тіге қалды. Ал, Жоламанның өзі селк ете түсті. Оған аспаннан бір ауыр нәрсе түсіп кеткендей сезілді. Өңі өзгеріп, ақ қағаздай жұқа бетіне қан ойнақшый шыға келді. Не болғанын түсіне алмады.

Ұялай қалған тыныштықты:

— Қалайша? — деп газет қызметкері бұзды.

...Кеше класс жетекшісі түс ауа мектепке келе жатқанда, жол бойындағы балалар сырғанайтын төбешіктің етегінде жылап тұрған кішкентай баланы көрді. Жақындап

келсе, ол осындағы Мұстақи ұстаның баласы екен. Қасында аударылып шанасы жатыр. Еңкейіп:

— Кім тиді? — деп сұрағанда, бала:

— Әбіш, — деді.

— Ол не істеді?

— Ме...ні қарға жы...ғып тастап... шанама мінді, сырғанады да, лақтырып тастап кетті, — деді ол кішкентай қолымен жас мөлтілдеген көзін уқалап, өксігін баса алмай, үзе сөйлеп.

— Жылама, айналайын, — деп ол баланы шанасына мінгізіп, бала әбден уанғанша сүйреп ойнатып, кетіп қалған. Осыны айтты да, сәл ойланып, кідіріп:

— Әрине, мұны мақтауға болмайды, — деп қосты.

Жоламан не істерін білмеді. Қысылғаны сондай, егер аяқ астындағы еден ойылып, ол түсіп кетсе, бағасыз нәрсеге қолы жеткендей, айқайлап қуануға дайын еді. Бірақ амал қанша, еден міз бағатын емес, үнсіз тұра беруге мәжбүр болды. Отырғанмен де тыныштық таба алмады. Оған, жұрттың бәрі сырттай өз шаруаларымен болып жатқандай көрінгенмен, іштей оны аңдып отырғандай сезілді. Ойының астан-кестені шықты. Сағатқа жуық болған кеңестен ешнәрсе ұққан да, естіген де жоқ. Оның ойын билеген тек Әбіш еді. Соған ызаланып іштей ашуға булықты.

* * *

Жоламан шыққаннан кейін, Әбішті тауып алып, жолықпақ болды. «Осы Әбіш-ақ, оқсатып болды-ау! жайына қарап жүре алмай ма екен? Жас баланың шанасында не жұмысы бар? Сонысымен қызыл галстук тағып жүр-ау! Звеноның намысымен жұмысы жоқ...» Ол ойға берілген сайын қабағы жабылып, жұқа өңі түнеріп кетті. Көзі шоқ-



тай жайнап, тесіп барады. Астыңғы ернін жымырып, тістеп алған. Оның айналадағы нәрсемен ісі болған жоқ. Екі-үш рет сүрініп кетіп, құлап қала жаздады.

— Қайда барасың, Жоламан? — деп шақырған Әбіштің дауысы тоқтатты.

— Сенің өзің қайда барасың?

— Көріп тұрған жоқсың ба? Катокқа бара жатырмын, — деді ол қолтығына қысқан конькиін көрсетіп. Ботинкаға орнатқан жаңа коньки, күнге шағылысып жарқ-жұрқ етті. Әбіш оған сүйсініп қарап алды да, қайтадан бүктеп қолтығына қысты.

— Жүр, тебелік.

— Тебе бер өзің, сен кеше сырғанақта не істедің?

— Не істедім? — деді Әбіш шын ниетімен түсінбей, оның бетіне қарап.

— Сен Мұстақи ағайдың баласының шаңасын тартып алып, жылатып қойыпсың ғой! Рас па?

— А... — деді Әбіш, жауап берудің орнына, істің неде екенін енді түсініп.

— А... — деді көкетіп оны Жоламан. — Білесің бе, сенің бұл ісің бүкіл Қазақстанға әйгіленетін болды, мектепті қоя қойғанда, жаңа ағай мұны газеттен келген кісінің көзінше айтты...

— Немене, ойнауға болмай ма екен?!

— Ойнаса адам бүлдіріп, жылатып ойнай ма екен?

— Ойынды түсінбейтін кішкентайлығына мен жауаптымын ба?

Сырт қарағанда көп таныс емес адамға Әбіш жуас сыяқты көрінетін. Шынында да, ол үлкендердің алдында ұялшақ, көп сөйлемейтін. Бар ұялшақтарға тән, ол бір нәрсені күтпеген жерден істейтін. Сондықтан оның анда-санда істеп кететін қыйқарлығы кездейсоқ нәрсе есебінде көрініп, көп назар аудармайтын да, оның үстіне ұсақ-түйек сылтаумен Әбіш бұлтарып кетуге шебер-ақ болатын. Бірақ, әдеттегіше жалтақтап құтылып кетуіне болмайтынына көзі жеткен Әбіш енді турасына көшті.

— Ал, жылаттым, енді не қыл дейсің? — деді ол Жоламанға тіке қарап. Одан бұндай батылдық күтпеген Жоламан, оның бетіне қарап, көзі жыпылықтап, не дерін білмей қалды.

— Сен, түсінемісің? — деді оған Жоламан, — сенің қылығың бәрімізді де ұятқа қалдырып отырған жоқ па. Сен, сен, звеноның намысын таптадың!..

— Әй, қойшы осыншама айқайлайтын мен не істеппін, тек бір сырғанадым, жылайын деп жатқанын көріп қайтып бердім.

— Өтірік айтпа...

— Әй, қойшы, сенің-ақ айқайың таусылмайды, — деп қолын бір сілтеп, Әбіш катокқа қарай кетіп қалды...

Адам дейтін әртүрлі ғой. Адамның өзін қоя қойып, олардың шашы да сан-алуан. Бір шаштардың талын екі шетінен тартып, жіберіп қалсаң, таң қаларлықтай жыйналып, шыйратыла қалады. Тағы істе, және солай. Ал, кейбірі бір тартпақ түгіл он соз, алғашқы қалпын бұзбайды, тағы бір тобы бір шыйратылып, қайта сол қалпына түспейді. Жыйырыла түсіп, қайта жазылып, әлек қылады.

Әбіштің мінезі осы соңғыға ұқсайтын. Ол алғашқыда кейігенмен, кейіннен ойынның соңына түсіп, бәрін ұмытып кетті. Шынын айтқанда, ол Жоламанның айтқанына онша мән бермеген болатын. «Звено вожатыйымын дейтін болар. Мейлі, болсын, бірақ назар аударатын нәрсе бар, аудармайтын нәрсе бар ғой! Мысалы, мен сабақ үлгермесем, класс ішінде тәртіп бұзып, айқайласам, тапсырған жұмысты атқармасам жөн. Газетке!.. Немене газет қызметкерлері Жоламанша босқа айқайлайды деп ойлай ма екен? Түсінеді олар! «Бояушы, бояушы дегенге сақалын бояйды». — деп...

Оның ойы осымен біткенімен, бұл мәселеге байланысты әңгіме бұнымен тынбады. Ол Әбіш күтпеген жерден шықты. Класқа ертесіне келген соң, әсіресе, звенолас бала-

лар оны найзаға көтеріп кетті. Әбіш кластастары Жоламанды қостайды деп еш ойламаған еді.

— Сен қалай ойлайсың? Мектепте, көрінетін жерде моп-момақан болу керек те, таса жерлерде ойға келгенді істей беруге болады ма?

— Сенің кесірің бәрімізге тиді, соны сеземісің?

Өркім өзінше қыйналды, класта толқымаған бала жоқтың қасында болды. Ол біресе кейіп, қайта басылып, бір балаға айтып жатқан сөзін бітірмей, екіншіге бұрылып, шын әлекке қалып әбден қысылды. Отқа түскен дәрменсіз көбелекке ұқсады. Оған бәрінен де арамыздан қыл өтпейді деп санайтын Досанның қылығы қатты батты. Үзілісте ол:

— Сөйлеспеймін,— деп қолын сілтеп, кетіп қалды. Өзінен кішкентай адам күтпеген жерден шын ниетімен жағынан тартып жібергенде үлкен адам қандай сезімде болатын болса, Әбіш те сондай сезімде болды.

* * *

Жолдастарына кейігендігі сондай: ол тіпті сабақ артынан әдейілеп, балалар сырғанайтын төбеге барып, бұрнағы күнгі істегенін қасақана қайта жасамақшы болып, сол жерге келді.

Қара жердің бетіне ақ мақтадан жаңа төсек жайып тастағандай, шексіз даланың бетінде ешнәрсе қарауытпай, сонау алысқа дейін созылып, көкшіл күмбезбен тұтасып жатыр. Аяз сығып, жылмайып тастаған ақша қар, ашық аспандағы он бес тыйынның көлеміндей жарқыраған күннің сәулесіне күлімдеп, жылт-жылт етеді....

Мектептен сырғанаққа дейін онша ұзақ емес еді, сонда да әбден кіжініп шыққан Әбіштің шешімі, су тиген қанаттай сырғанаққа келгенше еріп кетті. Ол тіпті тек қарауға келген сыяқты, портфелін қолтығына қысып, бірінен соң екіншісі кезектесе сырғанап, мәз болып жүрген кішкентай балалардан көз алмайды. Бірі домалап, екіншісі оны сүйемелдеп, илеу аузындағы құмырсқалардай балалар жыбырлап, тыныш таппай, өздерімен өздері болып жатыр.

Әбіштің бір мезгілде келген жұмысы есіне түсті, сонымен қабат оның көз алдына класта болған жайлар келді. Ол ойға беріліп қайда тұрғанын ұмытып кетті. Балалармен ойша жанжалдаса бастады. Оған осы мезгілде істейін деп келген ісі сондай мәнсіз, қолайсыз болып көрінді, тіпті өз ойынан өзі қысылып қалды.

Тез бұрылып, кейін жүріп кетті.

Ол балалардың сөзі соншама әсер етеді деп ойлаған да жоқ еді. Домалақ пішінді қоңырқай өңді жүзі қарауытып, қабағын жеңіл сызат тартып, жас ботаның көзіндей мөлдіреген қара көзі тесірейіп, жарқырай қарайды. Аласа денесі әрең қозғалып, кібіртіктей жүріп келеді. Қалай екені белгісіз, бірін-бірі сүйемелдей көмектесіп, әбден мәз-майрам болып жүрген жаңағы бір ұсақ балалар оған ой салды. Алғашқысында, соларға қарап тұрып аналардың айтқаны дұрыс-ау, мынадай кіп-кішкентай сүйкімді балақандарды қалай жылатарсың деп ойлап қалып еді, бірақ онысынан аз уақыт өтпей-ақ қайта айныды. Қысты күні мұзға тайғанақтаған адамдай, еріксіз ойдан-ойға ауысып, шешімге келе алмады.

Осылайша ол үйіне жетті.

* * *

Бір күні Әбіш кино көрмек болып, әкесі жұмыс істейтін заводтың клубына келсе, онда бір қызу жыйналыс болып жатыр екен. Ақ, қара, сары шашты, ұзынша, сопақ, домалақ үлкенді-кішілі бастардың үстінен төрге көз жібергенде, үстіне қызыл мата жапқан ұзын столдың басында, ол бұрыннан таныйтын жеті-сегіз адамның ортасында

ЖАС СҮРЕТШІНІҢ ТВОРЧЕСТВОСЫ.

«СЕРУЕНДЕП» ҚАЙТТЫ ОЛ.



Суретті салған ӘБІКЕН РАЙСОВ,
Талдықорған облысы, Андреев ауданы,
Ворошилов колхозы.

отырған өз әкесін көрді. Ол да, оның қасындағылардың да, залдағылардың да көздері бір нүктеге қадалған. Егер сол көздер жалын шашатын болса, онда трибунаның жанында, басы төмен салбырап кеткен, екі мүшелге келіп қалған күңгірт өңді құнтсыз киінген жігіт әлдеқашан өртеніп кеткен болар еді... Жұрттың бәрінің оған назары ауғандығы сондай, бұрын көрген сайын, міндет нәрседей, кемінде бір-бір ауыз сөз айтатын әкесінің жұмыстастары қазір Әбішке көз қыйықтарын да аударған жоқ. Олардың өзіне назар салмағанын көңіліне дақ тұтып қалған Әбіш жұмысшыларды осыншама толғандырған не нәрсе екен деп жігітке қарады. Оның мойын сүйегі босап кетіп, қара, ұйысқан бұйра шашты басын тек мойын терісі ұстап тұрған сыяқты. Көптен ұялып қысыла ма, әлде басқа ма, қозғалмастан, анда-санда тізесін бір бүгіп, қайта жазады. Ал, қара кепканы тас қылып, мыжыра қысқан қолы ойнақшып, тыным таппайды. Жіңішке, салалы саусақтары біресе жұмылып, кейде дөңгелек кепканың бойын қуалай жылжыйды.

Сөйлеушілерді тыңдап қарағанда, жыйналыс аяқталуға жақындаған сыяқты.

— Жағдай түсінікті болды... Бұл бұзақылық неліктен жасалды? Сен соған жауап берші, Әбіш,— деді председательдік етіп отырған болуы керек, завод партия ұйымының секретары.

Әбіш селк етіп, басын бұрып қалғанда, председательдің ана жігітке қарап отырғанын көрді, асылы оның да есімі осылай болса керек. Аттас болып шыққаны Әбішті қызықтыра түсті.

— Мен...— деп үлкен Әбіш басын көтеріп қалды да, бетін бір нәрсе қарып кеткен

дей жалт етіп түсіріп жіберді. Бұнысы қаққан өткір желде тасада тұрып, абайсызда басын қалқадан шығарып алған адамның қылығындай болды. Осы кезде оның бетінің терден моншақтап тұрғанын кіші Әбіштің көзі шалып қалды.

— Мен айтайыншы! — деген орта тұстан дірілдей бір жас дауыс шықты.

Ұлықсат алып, трибунаға шыққанда, Әбіш сар өңді, ана тұрған Әбішпен қатарлас жас жігітті көрді. Оның өңі құбылып, үлкен толқу үстінде екені көрініп тұрды.

— Мен Әбішпен бірге өстім...— деп ол сөзін бастады да, тоқтап қалды. Сәлден кейін: — Ия, мен Әбішпен бірге өстім,— деді әлгі сөзін қайталай, қалай жалғап кетерін білмей тұрған болуы керек.— «Абайсыздықтан» дейді. Жоқ олай емес! — Ол тағы тоқтап қалды, Әбішке қарай кенеттен жалт бұрылды.— Олай емес! Кеше осы хабарды естігенімде, біреу менің төбемнен қойып қалғандай болды. Сен өзіңді ұстау, тартыну дегенді білмейсің. Бұл сенің бала күніңнен келе жатқан әдетің. Сен оқып жүргенде, өзіңнен кішілерге сөзіңді күшпен тыңдатуға дайын болатынсың. Соны білемісің? Адал дос болып, мен сені тоқтатпадым. Енді түсіндім, шын жүрегімнен айтамын, кінаға сен де, мен де белшемізден баттық...

Оны тыңдай түскен сайын Әбіштің, біреу арқасына суық су құйып тұрғандай, тұла бойы мұздап кетті. Жүрегі дүрсілдей соғып, қобалжып, көз алмастан, жеп жібергендей, ана үлкен Әбішке қараумен болды. Кей кезде, көзі бұлдырап кетіп, оның орнында өзі тұрғандай дірілдеп, барлық ыссы сөздер өзіне айтылып жатқандай сезіліп те қалады.

Қалай мұндай кезде адамның көзі, шындығында, бұлдырап кете ме екен?..

КЕШІРЕРСІЗ, КЕШІКТІМ

Қоңырау кенет болды да,
Класқа кірді балалар.
Үшінші «Б»да орнына
Отырмаған бала бар...
Кірді Кәрім осы сәт,
Тұр алдында есіктің.
— Болар ма екен ұлықсат!
Кешіресіз, кешіктім —
Ол осылай күн сайын
Сабағынан кешікті.
Баласының бұл жайын

Папасы да есітті.
Кәрім енді бір күні,
— Папа,— деді клубта
Бүгін кино күлкілі
Бір барайық,
ұмытпа?
Уәдеге сенді де
Күтті алдында есіктің.
Папасы кеш келді де,
— Кешір,— деді,— кешіктім.

Р. ӘНУАРОВ.

БАТЫР

Әңгіме

ТАНЫСЫМ БАР ЕКЕН

Жаңа бір жерге келгеніңде не сені біреу танымаса, не өзің біреуді білмесең еңсең түсіп, көңілсізденіп, жаңа ортаны қандай жатсынып жүресің. Сол сыяқты менің көңілімде не күдік, не сергектік болмай, Н — шекарашылар комендатурасының қақпасына жақындап келе жатырмын. Қақпа алдында күзетші солдат тұр екен. Оған документімді көрсетуге төс қалтама қолымды сала беріп, оның аяғы тұсында жатқан овчарка итке қарап «қауып алар ма екен» деп қорғалаңдап келемін. Өйткені ит көзін маған қадай қалыпты. Күзетшіге үш-төрт адым қалған еді, ит сол жатқан жерінен тура маған қарай секірді. Иттің мойнына байлаған жібінен күзетші әп-сәтте айрылып қалды. Жүрегім тас төбеме шықты. Есім кетіп, демімді ішіме тарта үрейлене тұрып қалдым. Тайыншадай итпен жағаласу кімге болсын оңай тимес. Ойыма «қабады-ау» келе қалды. Бірақ ит тілін салақтатып, құйрығын бұралаңдатып, екі алдыңғы аяғымен кеудеме асылып тұрды да алды. Күзетші, менен бетер үрейленсе керек, — Батыр! — деп айғай сап, айрылып қалған жібіне ұмтылды.

Осының бәрі көзді ашып жұмғанша болып өтті. Күзетші иттің атын атағанда, менің бойымдағы қорқыныш ғайып болды.

— Батыр, Батыр, өзіміздің Батыр, — деп иттің басынан, мойнынан сыйпалай бердім. Ол да маған жақындай түсіп, алдыңғы аяқтарын пагоным үстіне артып алды. Көзінен қуаныш ұшқыны көрінді. «Менің танысым келді» дегендей күзетші солдатқа да бұрылып қояды.

Енді Батыр скеуміздің қалай танысқанымызды басынан жазбақпын.

БІЗ ОН ҮШПІЗ

Біз он екі жауынгер тартабанды темір жол келетін Шақпақты деген кішкентай станцияда әскери қызмет бабымен тұратынбыз. Бір күні станцияның бір қызметкері:

— Итім күшіктеген еді, мынаны сендерге тарту еткім келеді, — деп бір күшікті газетке орап бізге алып келді.

Бізде Бастаев деген солдат болатын. Ол «ағам шекарашыларда ит үйретуші болған» деп көптеген қызық әңгімелер айта беретін. Сол Бастаев келді де, қос жұмырықтай ғана

күшіктің екі құлағынан ұстап әкелушінің қолынан көтеріп алды. Күшік қыңсыламақ түгіл, дауыс та шығарған жоқ. Бастаев ұстап тұрған қалпы аздап сілкіп те көрді. Бастаев әлде неге масаттанып:

— Әй, батырың! — деді.

Содан бастап біздердің санымыз он үшке жетті. Ол үшіншіміз сол күні аты Батыр деп қойылған күшік еді.



БАТЫР ӨСІП КЕЛЕДІ

Алғашқы күндері Батыр Бастаевтың кровати астында жатып жүрді. Бірер айдан соң Бастаев оған тақтайдан кішкентай үйшік істеп, тысқа шығарылды. Күшік бұрынғыдай емес, пыйрап, әсіресе, алдыңғы аяқтары жуанданып, дене мускулдері жұмырланып, құлағы көтеріліп келе жатты. Қазіргі оның барлық істейтіні қорада кім жүгірсе, соның соңынан домалаңдап ала жөнелді. Ол үйшігінде көп жата бермеді. Үш-төрт айдан соң түн кезінде, күзетші солдаттың маңында жүретін болды. Сондықтан да солдаттар оны «тұрақты күзетші» деп атап кетті.

ДАЛАДА

Батыр өз бетімен, қорадан жалғыз шықпайтын. Мұнысы әскер тәртібін білетіні сыяқты еді. Алайда, ол біліп тәртіп сақтап жүрген жоқ. Тіпті жас кезінде костюм, шалбар киген адам көрсе үйшігіне қарай домалаңдай ала жөнелуші еді, ол өсе келе, қорамызға штатша киінген адам кірсе, оған шәуілдей үруді шығарды. Оның өзінде де күзетші солдаттың артында тығылып тұрып үретін.

Өскен соң солдаттар оны өздерімен бірге далаға әкетіп жүрді. Алғашқы алып шыққан күндерінде Батыр басы ауған жаққа жүгіріп кете берді. Соңынан Бастаев оны саптан шығармау айласын тапты: ойынға шығарда оң аяғына киген етігінің артына қант байлап алатын болды. Ол өзі саптың соңы болып тұратын. Осы әдісінің бірінші күні етігінің артына байлаған қантты Батырға бір жалатты да, жүріп кетті. Тәтті ұнап кетсе керек, сол күннен бастап тұмсығын Бастаевтың етігінен алмайтын болды. Бара-бара, оның етігіне байланған қант болмаса да, Батыр саптан шықпай, соңғы солдаттың етігінен бірдеңені іздеді де жүрді. Және содан былай басы ауған жаққа лағып кетуді де қойды.

Бір күні мынадай бір қызық болды: Солдаттардың таңғы тұрыс кезі еді, Бастаев сол аяғына етігін киіп, оң аяғының етігін таба алмай, ақсаңдады да қалды. Әркімнен бір сұрады, қарамаған да жері қалмады, жоқ. Сол кезде есіне Батыр түсіп, үйшікке жүгіріп барса, түнде ұрлап әкетсе керек, Батыр етіктің сірісін жалап жатыр екен, Бастаев еріксіз күліп жіберді.

Солдаттар далада әскери ойын ойнағанда да Батыр Бастаевтан қалмайды. Ол жүгірсе-жүгіреді, жатса-жатады. Ал еңбектегенде «бұл қалай» дегендей қарайды да тұрады. Батырдың еңбектемеуімен Бастаев келіскісі келмеді. Қайтсе де үйрету керек оны. Бұ жолы да Бастаев өзіне тиісті қанттан жырымдайтын болды. Әуелі қантты Батырдың алдына бір метрдей жерге қойды. Көптен көрмеген таныс және тәтті дәмге қарап Батырдың көзі шығып барады, бірақ Бастаев ұстап тұр. Әбден қызықтырып болғаннан кейін Бастаев оны жатқызып белінен басып, басын бос қоя берді. Батыр бар денесін қантқа қарай сүйрей жөнелді. Үстінен басқан ауыр қолдан тұра алмай, бауырымен жер сыйшап ақыры жетті-ау. Қантқа аузы жеткенде, қуанса керек, Бастаевқа жалт қарады. Осы әдіс бірнеше күн қайталанды. Ақыры «осылай ғана жетуге болады екен»

деп ойласа керек, алдына қойылған қантқа өз еркімен еңбектеп баратын болды. Соған кейін, солдаттар еңбектегенде Батыр олардан қалыспады.

Осылай, Батыр еңбектеуді де үйреніп кетті.

ЖОЛДА

Бөлімшеміз шағын болғандықтан бізге әдейілеп көшпелі кино келмеуші еді. Сондықтан да, сембі, жексембі күндері өзімізден 24 километрде тұратын Қаратас деген жерге барып, ондағы бөлімшенің клубынан кино көріп тұратынбыз. Жолымыз былай болатын: Біз өзіміздің Шақпақты станциясынан тартабанды темір жолмен жүретін поезбен 8 километрде тұратын Сарықұм деген станцияға дейін келетінбіз де, одан кәдімгі үлкен вагонға мініп, Қаратас станциясына баратынбыз. Қайтар жолымыз да осылай: Қаратастан Сарықұмға дейін кәдімгі темір жолмен, одан қайтадан тартабанды темір жолмен жүретін поезға мініп үйге қайтатынбыз.

Біздің осы саяхатымыздан Батыр да қалып көрген емес.

Әлі есімде, бір түні ұзаққа созылып кеткен кинодан шығысымен сапқа тұрысып станцияға қарай асыға жүгірдік. Өйткені біз қайтатын поездың жүруіне санаулы-ақ минут қалған еді. Әйтеуір үлгердік-ау. Поезға мініп алғаннан соң Бастаев «Қайда?, Қайданың?» астына алып Батырды іздей бастады. Жоқ. Еш жерде жоқ. Тегі, кино көрген клуб маңында қалып қойса керек. Ертеңінде таңертеңгі поезбен Батырды алып келуге Бастаев өзі кетті. Түстен кейін ойда жоқта Батыр станция жақтан жалғыз өзі келе жатты. Ол қораға келіп кірген соң соңынша Бастаев та келіп, мынадай қызық әңгіме айтты: Бастаев Қаратас станциясында вагоннан түсіп, перронда алақ-жұлақ етіп жүрген Батырды көріп «қайтер екен» деп тығыла қалады. Бірақ, оны көз қарасынан шығармайды. Сол станцияда бірнеше поездар тұрады. Батыр барады да оның Сарықұмға қарай жүретініне мінеді. Оған көрінбей Бастаев та мінеді. Сарықұмға келген соң, енді басқа поезға отыру керек қой, Бастаев қарап тұрса, Батыр мына поездан түсіп Шақпақтыға жүретін поезға барып мініп жатады.

Осылай Батыр жалғыз өзі жол тауып қайтып келген. Сол күні бізге бір шекарашы келіп жатыр еді. Ол Батырдың мына мінез-құлықтарын ести сала «маған беріңдердің» астына алды. Егер Батыр Отанымыздың шекарасын күзетуге жарап қалса, бізге одан артық не

қуаныш керек. Бәріміз де беруге келістік. Ал, Бастаев күні бойы үйшік жақта үнсіз мұңайып жүрді. Ол келіспей жүр. Кешке жүрер алдында шекарашы оған келіп:

— Біз сіздің Батырыңыздан жақсы сақшы тәрбиелейміз,— деп жалына сұрады.

Бастаев Батырын сыйпап ұзақ үнсіз тұрды да, бір уақытта:

— Алыңыз,— деді, — өзі ақылды ит, ұра көрмеңіздер, сөзбен айтсаңыздар түсінеді.

Осылай шекарашы Батырды алып кеткен еді. Содан бері екі жыл өтті. Мен өзіме асыла кеткен Батырды сыйпап тұрып, осыншама уақытта ұмытпай, таный кеткеніне таң қалдым.

БАТЫРДЫҢ ЕРЛІГІ

Шекарашылар бөлімшесінде келген шаруаммен айланыса жүріп, Батырға күнде барып тұрдым. Кездескен сайын ол да менің кеудеме асыла кетеді. Әлде Бастаевты ма, немесе күшік кезінен көріп өскен біздерді түгел сағына ма, әйтеуір, көзіме көзін қадап, қолымды жалап, асылған беті қыңсылап кеп иығыма басын салып, қыймылсыз ұзақ тұрады.

Бір күні менің есіме, «осындай ақылды иттің елеулі бір қыймыл көрсетпеуі мүмкін емес» деген ой түсті. Осы ойымды баяғы қақпа тұста тұрған солдатқа айтып едім. Ол маған мынадай бір оқыйға айтты:

Батыр сол солдаттың тұрақты серігі екен де, барлық күзет қызметін екеуі бірге атқарады екен. Екеуі жаздың бір желді қараңғы түні үлкен қойманы күзетіп тұрады. Ұлып соққан желден әр нәрсе қараңдап айналада белгісіз бірдеңелер қозғалғандай болады. Солдат жан жағына қандай күдіктене қараса, Батыр да сондай күдіктене қарайды. Екеуі күзетте соншама сақ тұрады. Бір уақытта Батыр өзінен өзі абыржый бастады. Мойнына байланған жіптен ұстап тұрған солдатты әлдеқайда сүйрейді, оның қобалжуынан сезіктенген солдат қойманы бір айналып келді, ештеңе көріне қоймады. Сонда да итінің сырын білетін ол сергектене бастады, ал Батыр тым тынышсызданып барады. Солдат не істерін білмей жан жағына қарады. Батыр бір уақытта оның өзіне қарай абалап үре бастады. Тіпті болмаған соң ырылдап кеп солдатты етегінен алды. Солдат шошына кейін шегініп кетті де, жіптен айрылып қалды. Сол-ақ екен Батыр казарма жаққа қарай зыта жөнелді. Казармаға кірген соң ортада тұрып алып, бар даусымен арсылдай үрді кеп. Ұйықтап жатқан солдаттар шошып оянды. Батыр үре берді. Кезекші постыда

бірдеңе болғанын біле қояды да, солдаттарды дереу тұрғызып алды. Осы кезде қойма жақтан гүрс ете түскен винтовканың дауысы да естілді. Солдаттар алдына Батырды сала жүгіріп келсе, қойманың шатыры жанып жатыр екен.

— Желден үзілген электр сымынан шатыр іші жана бастағанын Батыр, «а» дегенде-ақ сезген екен. Әлгі аласұруы да сол себептен болу керек. Бірақ мен оны түсінбеймін,— деді солдат сөзінің соңында,— сөйтіп Батырдың арқасында қойманы аман алып қалғанымыз бар ғой,— деп бітірді ол сөзін.

Жұмысымды бітіріп, жүрер алдымда қоштасуға Батырға келдім. Мен оның мойнынан сыйпаладым, ол менің қолымды жалады. Тегі кететінімді сезетін сыяқты, қыңсылап кеп маған ұмтыла түседі. Аз тұрдым да — хош бол енді, Батыр,— деп қолымды жайып едім, алақаныма оң аяғын әкеп салды,— хош, сенен Бастаевқа міндетті түрде сәлем айтамын.

Кете бергенімде қыңсылап, не бір ащы дауыспен ұлыды, мен артыма бұрылып қолымды былғадым.

Батырдың сондағы ұлыған үні көпке дейін құлағымда жүрді.

Қалмұқан Исабаев.



Балапан

Торғайлар да кәдімгі адамдар сыяқты болады: үлкендері, торғай мен шымшық, көңілісіз келеді, кітапқа жазып қойғандай әр нәрсені-ақ әңгімелейді, ал жастары болса, өз білгенінше өмір сүреді.

Бір сары езу торғай болыпты, оның аты Пудик екен, ол монша терезесінің жоғары жағындағы бұғатта, кендірден, мүк пен тағы сондай жұмсақ заттан жасаған жылы ұяда тұрыпты. Ол әлі ұшып көрген жоқ еді, бірақ қана-



тын қағып, ұясынан мойын созып қарай беретін. Ол жарық дүниені көруге, сол дүние өзіне жайлы болар ма екен дегенді білуге асығатын.

— Не, не? — деп сұрайды одан анасы.

Ол қанатын қаға шыйқ-шыйқ етеді де, жерге қарап:

— Түү, қап-қара, қап-қара! — дейді.

Папасы Пудикке қоңыз, шыбын-шіркей алып келіп мақтанатын:

— Жараймын ба?

Ана торғай оны қуаттап:

— Жарайсың! — дейтін.

Ал, Пудик шыбын-шіркейді қылғып жатып:

«Несіне мақтанады — құртты аяғымен бергені де ерлік пе?» — деп ойлайтын.

Ол ұясынан басын қылтыйтып, жан-жаққа қараудан бір жалықпайды.

— Балапаным, балапаным, көзіңе қара, жазым боласың, — деп анасы безек қағатын.

— Неге, неге? — дейтін Пудик.

— Негесі сол, жерге құлайсың, мысық шап беріп, жейді де қояды! — деп түсіндіретін әкесі, шіркей аулауға бара жатып.

Осылайша уақыт өте берді, бірақ қанаттары болса, өсуге асықпады.

Бір күні жел тұрды.

— Бұл не, не? — деп сұрады Пудик.

— Сені жел ұшырып жерге топ еткізеді, мысыққа жем боласың! — деп түсіндіреді анасы.

Бұл Пудикке ұнамады, сондықтан ол былай деді:

— Ағаштар шайқалады. Олар шайқалуын қойса, жел де тынар еді...

Анасы олай еместігін айтып түсіндіріп көріп еді, әр нәрсені өзінше ұғуды сүйетін балапан оның айтқандарына сенген жоқ.

Моншаның жанынан қолын былғап бір мужик өтіп бара жатыр еді.

— Мынаның қанатының жүндерін мысық жұлып алып, құр сүйектері ғана қалыпты, — деді Пудик.

— Ол — адам, олардың бәрі қанатсыз болады! — деді шымшық.

— Неге?

— Олардың үлесіне осылайша, қанатсыз өмір сүру тиген, олар үнемі аяғымен секіреді де жүреді.

— Неге?

— Егер олар қанатты болса, біз, папаң екеміз, шыбын ұстағандай, олар да бізді...

— Пәлі! — деді Пудик, — пәлі, түк те емес! Бәрімізде қанат болуға тиіс. Жерден гөрі, аспан жақсы! Мен өскен соң жанның бәрін ұшатын егемін.

Пудик анасына сенбейтін, анаға сенбеудің түбі жамандыққа соғарын ол әлі білмейтін еді.



Ол ұясының нақ жиегінде отырып алып, өзі шығарған өлеңін бар даусымен әндетіп айта бастады:

Ех, қанатсыз адамым,
Бар тек екі аяғың,
Өзің алып болғанмен,
Сенсің шіркей, құртқа жем!
Мен кіп-кішкентай болғанмен
Құрт атаулы маған жем.

Ол әндете, әндете ұясынан құлап кетті, шымшық оның соңынан ұмтылды, ал шегір көз, тарғыл мысық та тап бола қалды.

Қорқып кеткен Пудик, қанаттарын жайып, сарғыш аяқтары дірілдеп:

— Қылша мойным талша! — деп шыр-шыр етеді.

Ал, шымшық оны шетке қақпайлап, жүндерін ұрпите қалғанда, батыр да, сесті де боп кетті, ол аузын ашып, тұмсығын мысықтың көзіне төндіріп тұр.

— Жөнел, жөнел! Пудик, ұшып кет, терезеге ұшып шық, ұш!

Қорқыныш балапанды жерден көтеріп әкетті, ол секіріп барып, қанатын қағып-қағып жіберіп, терезеге барып қонды!

Осы кезде, күйрығы жұлынған мамасы да қуана жетіп, қасына қонды да, оның желкесін бір шоқып былай деді:

— Көрдің бе?

— Ал, несі бар екен! — деді Пудик, — бәрін бірден біле бермейсің ғой!

Ал, тарғыл мысық болса, тырнағын торғайдан жұлып алған жүннен тазартып, шегір көздерімен бұларға қарап, өкінішпен мияулайды.

— Сондайлық кішкене балапан, бейне тышқан дерсің... Мяу...

Мамасының күйрықсыз қалғаны болмаса, бәрі де сәтті аяқталды.

Аударған С. БАҚБЕРГЕНОВ.

ӨГІЗ ✓

(Ел аузынан)

Бір шал мен кемпірдің жалғыз сыйыры болыпты. Сол сыйырдың сүті олардың қорегі екен. Сондықтан сыйырдың бұзауы сүтке жарымай, өліп қала беріпті.

Жылдар өтеді, шал-кемпір қартая түседі. Ал, бұзаулардың бұрынғыша өлуі тоқталмайды.

— Қой, болмас, — дейді бір күні шалы кемпіріне, — бір жылға бір нәрсе етіп шыдармыз. Сыйырды саумай-ақ қойшы, бұзауы өссін.

— Жарайды, — деп кемпірі де келісе кетеді.

Үш күннен соң сыйыр еркек бұзау туады. Бұған қуанған олар қанша тарыға тұрса да, сыйырды саумай барлық сүтті бұзауына береді. Енесінің сүтін бір өзі еміп өскен бұзау үлкен өгіз болады. Келе-келе ол өзінің семіздігіне мастанады. Оған мынадай ой келеді. «Осындай зор денеммен сыйырлардың арасында неге жайыламын. Жоқ, бұл лайықсыз, түйелерге қосылайын». Сүйтіп ол түйелерге қосылды. Өзін ерекше зор сезініп жүрген ол ба-

рынша-ақ түйе болуға тырысып бағады. Солардың жеген шөбін жейді, олармен шөлге кетіп сортаң жалайды. Ақырында шөлден қатып, іші ауырып шыдай алмай: «Жылқыларға барайын. Түйеден кішірек қой, азабы да жеңілрек болар» деп ұйғарады. Сөйтіп жылқыға қосылады. Бірақ, бұл да жайлы тимейді. Солардың санатынан қалмай, желіп жүремін деп тыйтығы құрылды. Бір күні қасқыр шауып, жылқылар дүркірей қашады. Бұл ілесе алмай, айдалада қалады. Бақытына қыр астында сыйырлар жайылып жүр екен. Өгіздің өкірген дауысын естіп, жолдасын мүйіздерімен қорғай жүріп, қасқырдан құтқарып алады. Сонда өгіз қуанғаннан жылап жіберіпті.

— Өз тобыңнан бөлінсең, көрер күнің осы екен, — депті ол жасын сүртіп тұрып.

Өгіздің бұл сөзі бұзауларға тәлім болыпты.

Минер Арысбаев.

СУҒАНАҚ АЮ

Біз, атай екеуміз, Алтай тауларының солтүстік шатқалындағы омартада тұрдық. Бұл жерде қара Ертіс ағады, балқарағай, сырша, мойыл өседі. Жартастарды жарып қайнар бұлақтар сылдыр қағады. Осы тау бөктеріндегі ну қарағай ортасында біздің үй болды. Үйдің үстін құлмақ жауып тұратын.

Бір күні кешке жақын біз атамның қақпан салып кеткен жеріне, өзенге, барып қайтпақ болдық. Таудың тіп-тік шатқалдарынан өзен жыланша ирелеңдеп ағады. Өзеннің жағасына келгенде, атай менің иығымнан шап беріп отыруға ымдады. Біз дереу талдың арасына жата қалдық.

Біздің қақ қасымызда, су ішінде, бір аю арбалаңдап, малтып жүр. Осы өзеннің жағасында аюдың кішкентай күшігі тұмсығын аспанға таңырайтып, қыңсылайды.

— Ай, сайтан! — деді атам, оны көре салып.

Атай құрған аудың қалтқылары су бетіне қалықтап тұр. Оларды аю су түбіне ептеп батырса, бірақ олар қайтадан көтеріледі. Аю ызаланды-ау деймін, бір кезде қалтқыларды бытырлатып үңгілей бастады.

Өзенді қапталдай жатқан қара шығанақ бар-ды, шалғын, көксал басқан оның маңы кешқұрым масаға толып кететін. Таза суға шомылып болған соң аю осы шығанақтың балшығына келіп ақырын аунай бастаушы еді. Ол үсті-басы түгел лайланғанда ғана көтеріледі. Ол енді өзіне риза болғандай, күр-күр етіп тамсанады. Енді оған маса да, ара да тие алмайды.



Аю мұнан кейін айналаны бір шолып, орманға қарай теңселе басып жөнеле бергенде, оның соңынан жан-жағына жалтақ-жұлтақ қарап оның күшігі де маймаңдай бастады.

— Ал, жүр, кеттік! — деді маған атам, — біз олардан көзжазбау үшін соңынан қалмауымыз керек.

Бұлар келіп нажағай қыйратып кеткен, бұтағы жиі май қарағайдың түбіне тоқтады. Осы кезде, кенет, бұтақтардың астынан тиін қылтыйып шыға келді де, көзді ашып-жұмғанша, ағаш басына ырғып-ырғып шығып кетті. Ағаштың бұтағында жасырынып тұрып ол, аюларды таңырқай бақылады. Аю күшігімен қарағайдың жанында біраз күйбеңдеп тұрды да әрі тартты.

Ымырт жабылып барады. Бірақ атам асығар емес.

— А, сайтан, арғы жолмен орағытып кетті, — деді ол. — Ай бәле, бізбен бірге, бір жолмен жүруге болмайтынын біледі.

Біз де асықпай омартаға қайттық. Шарбақта жасырынып, күтіп жатырмыз.

Ымырт жабыла аюлар орманнан ептеп шығып, омартаға бет алды. Ақырындап келіп тоқтады. Айнала тым-тырыс. Тыныштық деп ойлаған аю күшігін кейін қалдырып, шарбаққа жақындады, одан бұта-бұтаны тасалап қақпаға жетті.

Міне, енді қақпа да ашылып кетті. Аю араның ұясына жүгіріп келіп, дереу аудара бастады. Аралар да бірден оған жабылып кеп кетті. Лайға аунап, батпақ жамылып келгенмен де, аюға оның септігі шамалы болды. Аралар тұмсығын да, көзін де шақты, аузына да кіріп кетті. Аю шыдамай тісін сақылдата, басын олай да, бұлай да бұлғақтатты. Болмаған соң үлкен бір омартаны алып, жан дәрмен шарбақтан қаша жөнелді. Аюдың маймақ күшігі соңынан әрең ілесіп барады.

Аю қалың орманның ішіне кіруге асықты. Бірақ оған бұл жерде де өшігіп алған аралар тыным бермеді. Ол омартаны құшақтап бірнеше рет аунап та алды. Күшігі жақындаса, араға жем боласың дегендей, күжілдеп қуады.

Біраздан соң ай да туды. Біз енді аюдың омартаны суға батырып жатқанын көрдік. Судан көтеріп алып, ұяда бір ара көрінсе де, суға оны қайта жалдайды. Ара өзін шағатынын ол жақсы біледі. Қойшы әйтеуір, ақырында аю олжасын құшып судан көтерілді, оны алаңға алып келіп, түбірге ұрып сындыр-

ды. Екеуі де тамсана ырылдасып, башбайларымен балды жалай бастады. Балға тойып алған соң аюкең омартаны балқарағайдың түбіне жақсылап тұрып тығып қойды.

Біз өзіміздің ормандағы үйімізге қайтып келдік. Осы күннен бастап омартаға күзетті күшейттік, бірақ бір жеті бойы ешбір аю келе қоймады.

Ай жарық түндердің бірінде атам екеуміз үй жанында отыр едік. Қақпаға қарай ештеп келе жатқан икемсіз аңның тұрпатын байқап қалдық. Қақпа жабық еді. Аласа шарбақтың іргесінен бірдеңе қараң етті де, дәу кесек омартаға сарт етті. Мен енді мұның өзімізге таныс аюдың күшігі екенін анық көрдім. Ол ұяны шыр айналды. Ұядан ұшып шыққан аралар бұл шақырылмай келген қонақты аямай шаға бастады. Кішкентай аюдың бал же-

гісі келгеніне қарамастан аралар қатты шақты. Ол пысқырынып, араның ащы шағуына шыдамай әлем-тәпірік болды. Тіпті болмаған соң шыңғырып жата кетті де, аунай бастады. Ара бұған оның орнынан көтерілуге мұршасы жоқ.

Біз оған көмектесуге бардық. Мен оған омарташының сауытын кигізе қойдым. Аю қалтырап-дірілдеп кетіпті. Оның ұмтылып шығып кететіндей немесе тістейтіндей қылығы жоқ. Бұл аюдың жүні кебу, тап-таза екен. Ол ана кезде енесі не үшін лайға аунағанын түсінбей қалыпты-ау.

Мен аюды үй іргесіне арқандап қойдым.

Біз аюды жарты жыл үйде бағып, одан соң зоопаркке тапсырдық.

И. Шаббаев.

Д а н ы ш п а н

(Ел аузынан)

Ертеде бір данышпан қария болыпты.

Бір күні қартқа бір жігіт келіп, әрі оны сынау, әрі өзін сынату мақсатымен:

— Ақсақал, осы мен қандай жігітпін, сынаңызшы? — депті.

Қарт жігіттен жолдасын көрсетуін өтініпті. Жігіт жолдасын жібереді. Қарт жігіттің жолдасын әртүрлі істермен сынап, ақырында жігіттің өзін шақырыпты. Жігіт келген соң, қарт:

— Шырағым, жаман жігіт көрінбейсің, — депті.

— Қалайша сіз мені олай дейсіз, мені байқап та көрген жоқсыз?! —

Қарт күліп былай депті:

— «Жігітті жолдасына қарап бағала» демей ме халық мақалы.

Бақтыяр Әбілдаев.



ҚАҢБАҚ

Шілденің ыстық күні еді,
Шағырмақ, бұлтсыз, жел тынық.
Қаңбақ та соны біледі
Мақтанды гүлге желпініп.
Ойланып жайды бір өзге,
Ысқырды қатты гүл енді.
«Жүректі» қаңбақ лезде
Домалай, қаша жөнелді.

С. ЖИЕНБАЕВ.

ШОРТАН

Бүгін бізге жас балық
Майра жеңгей асыпты.
Келді столға асты алып,
Көмдік біз де қасықты.
— Жеңгей-ау, бұл тәп-тәтті
Ертістің сом шортанын,
Жеп қояр ем әп-сәтте,
Қылқанынан қорқамын.

Р. СӘБИТОВ.

Бетің қысық болса, АЙНАҒА ӨКПЕЛЕМЕ!



КӨЛДЕГІ ЖЫЙЫН

— Айтар,— деп бақа жақсы сөз тегі
Тұрғыны көлдің жыйналды тегіс,
Байыпты басып бақа да келді.
Сөз сөйлеуді көрмейтін теріс.
— Бақ, бақ, бақ бақ...

Бақамын өзім.

Балшыққа белден батамын өзім! —
Қайталай берді, қайталай берді
Ұзаққы күнге осы бір сөзім.

Ұйқы қысқан уқалап көзін,
Қалжырап үйрек қыйнады өзің.
Ондатр жайнап ініне жетті,
— Болды,— деп енді жататын кезім.



Балықтар көлдің түбінде бұғып,
Мүлгиді, көзін бір ашып, жұмып.
Қаздар да кенет қор ете түсті,
Тұмсығын жылы жүніне тығып.
Сөзуар осы бақаның күйін,
Ажуа етіп күлу де қыйын.
Өйткені, достым, отрядта біздің
Осындай кейде өтеді жыйын.

ЖЫЙРЫЛАДЫ КІРПІДЕЙ

Жазда тоғай ішінде
Жүрген едік

Бір күні

Тікен тоны үстінде
Кездестірдік кірпіні.
Дәл осындай Нағима —
Тілі дөкір түрпідей
Жақындасаң маңына
Жыйырылады кірпідей.

ӘКЕСІНЕ ТАРТЫПТЫ

(Болгар ертегісі бойынша)

Қарны ашқан қасекең
Қымқырып қос құлақты.
Келе жатып кенеттен
Кездестірді бір атты.

— Досым оңай табылдың,—
Деді қасқыр,— әзірлен.
Жылқы етін сағындым,
Жеймін сені қазір мен.
Бұлай деді ат енді:
— Дұрыс екен ниетің.



Сенің марқұм әкең де
Жылқы етін сүйетін.
Бағалайтын біздерді,
Қойлардан кем демейтін.
Кербез еді.

Жылқыны
Тағасымен жемейтін.
— Онсыз жеймін,— деп,— мен де,—
Тағаға енді ұмтылды.
Қасекең ат тепкенде
Әзер қашып құтылды.

Ә. ДҮЙСЕНБИЕВ.

Еріншек

Бір күні Жәлел есік алдында ойнап отыр
еді, апасы келіп:

— Ана бұзауды қайырып келе қойшы,—
деді.

Еріншек Жәлел «аяғым ауырды» деп сыл-
тауратты да, тізесін құшақтап отырған бойы
орнынан қозғалмады.

— Аяғың ауырса, ана атқа мініп бара
ғой,— деді апасы.

— Құлап қаламын.

— Қолым тимей жатыр, тез баршы. Қазір
сүт пісіріп беремін.

— Сүт ішкім келмейді,— деді Жәлел.

— Онда қатық ұйытып беремін.

— Қатық ащы.

— Май алып беремін.

— Жүрегіме тиеді.

— Осы кезде масақ теруден қайт-
қан кіші баласы (Жәлелдің інісі)
Қали келді.

Ол «Мен барайын» деп жүгіріп
кетті.

Апасы кешке сыйыр сауған соң
Қалиға сүт пісіріп, май берді.

— Маған да бер,— деді Жәлел.



— Сенің сүт ішкің келмейді ғой,— деді
апасы.

— Ендеше қатық бер!

— Қатық ащы ғой.

— Май бер!

— Май жүрегіңе тиеді ғой.

Жәлелдің үні өшті.

Ертеңіне көрші колхозда той болады деп
ауыл адамдары ағылып кетіп жатты. Қали
атын ерттеп мінгелі жатыр еді, Жәлел жетіп
келді де, шылбырдан ұстай алып:

— Кет былай, мен мінемін,— деді.

Екеуінің атқа таласып жатқанын естіп, апа-
сы олардың қасына келіп еді, Жәлел Қалиға:

— Жібер деймін, шылбырды.


— Мен сенен үлкенмін, мен мінуім ке-
рек,— деп жатыр екен.

— Сен үлкен болсаң да, атқа мі-
нуді білмейсің ғой, құлап қаласың,
— деді апасы.

Еріншек Жәлел сүйтіп барлық
сыбағадан құр қалды.

Мырзабек Дүйсенов.

Алғашқы адым



Әңгіме

— Әйтпесе, тіпті тамақ ішпей-ақ жүре берейін. Әлде, Әлім кетіп қалды ма екен? Кетті ме екен?

— Жоқ, ерте әлі. Әлі де бір сағат уақыт бар. Әлім де кеткен жоқ. Тамақ ішпей баруға болмайды. Гимнастикаңды ойнап, шайыңды ішіп барсаң да үлгіресің. Қорықпа. Өзім ертіп апарамын,— деп анасы оның көңілін жұбатып қойды.

3-4 жыл ішінде балалар бағында ойнап үйренген дағдысы бойынша ол екі қолын созып, белін иіп, аяқтарын көтеріп, денесін жаза бастады. Қап-қара қастарының астынан шоқтай жанған, салалы кірпікті өткір көздерін оқтын-оқтын ойнақшытып, күлім қағып: «дұрыс па?» дегендей, анасына қарап-қарап қояды. Мейрімді ана болса, стол үстіне түрлі тамақты түрілтіп, екі көзі ұлынан алмай, «дұрыс, шырағым» дегендей, оқтын-оқтын басын иізіп қойып отыр. Бірақ ол қазір күллі зейін-зердесімен ұлының ойынына көз жіберіп отырғандай болып көрінсе де, көңілі терең тебіренуде еді: «Мінски, ақыры енді зор қадамыңды да бастың, жолың болсын, балам, жан балам?».

Орындықтардың тықылынан, ана мен баланың сөйлескен әңгімесінен оянып кеткен Асия көзің ашты. Ғайраттың күндегіден де әсем киімдер киіп, әлде неге қуанышпен жыйналып жатқанын көріп, ол таң-тамаша боп орнынан тұрды да, оған қадала қарай қалды.

— Ғайрат, сен қайда барасың? — деп сұрай салып, есіне бір нәрсе оқыс түсе кеткендей, — ә-ә, білдім. Апа, мен де барайын ба? — деді ол төсегінен түсе беріп.

— Сені алмайды. Сен әлі кішкентайсың. Кеше апам өзіңе айтты ғой! — деп, Ғайрат мақтаншыпен анасынан да бұрын жауап берді.

— Алмайды! Неге алмайды? Мен де бірге барайыншы, ә? — деп Асия Ғайратқа жалына қарады.

Ана мен екі баласы бір-бірінің қолынан ұстасып үйден шықты. Үшеуі қақпадан көшеге жаңа ғана шыға берген кезде бұрыштан оралған бір қыз осылай қарай елпілдей басып келе жатты.

— Апа, әнеүнгі келген қыз ғой мынау.

Сағат әлі алты!

Бүгінгі болмақ үлкен іске керекті әзірлігін кеше кешкісін көз алдынан тағы да бір өткізіп, «ұйықтап қалып жүрмейін» деп, күндегіден ертерек жатып қалған Ғайрат қазір де оянып алып, сағаттың қоңырауын сабырсыздана күтіп жатқан еді. Сағат тілімен тап бір тайталасып немесе әлде нендей бір ой-арманын ортаға салғандай, өзінен өзі күбірлеп сөйлесіп те қояды:

«Мектепте бүгін нендей қызық болар екен? Әлім екеуміз бірге болар ма екенбіз? Шіркін-ай, бірге болсақ қой қандай тамаша! Егер бөліп жіберсе, мұғалімнен: «Әлім екеуміз бірге болайық, ол өзі досым еді» деп сұрасам қайтер екен? Асия да бірге еріп барам деп жүрер ме екен? Бірақ ол кішкентай ғой, оны алмайды... Еріп барам деп жылайтын болса, ойыншық аттарым мен велосипедімді беріп кетермін. Солармен ойнай тұрар. Нендей қызықтар болар екен бүгін мектепте? Сірә, тамаша болар-ау, ә?!»

Ұлының тұңғыш қадамын қуанышпен аттандыруға бәйек болып әзірленген ана ас үйде таңғы тамақ қамымен әбігер еді.

Ақыры күткен сәт те жетіп, сағаттың сыңғырлап қоя берген қоңырауымен Ғайрат селт еткен кезде, сол дыбысты тосып жүрген анасы да ұлын оятқалы бөлмеге лып беріп кіріп келген еді. Бірақ мейрман ана кешігіп қалыпты, Ғайрат төсектен тұрып алыпты...

— Асыңды әзірлеп қойдым, сәулем. Бетің қолыңды жуып, столға отыр. Кешігіп қалып жүрме, балам!

Біздің үйге келе жатыр ма өзі? — деді Ғайрат.

Сол арада қыз да қастарына келді. Бұл қыз телеграмма тасыйтын, почта қызметшісі болатын.

— Мына телеграмма саған келді, Қасымов! — деп қыз бір бүктеулі қағазды Ғайраттың өз қолына ұстатып, не істер екен дегендей, оған сәл уақыт қадала күлімсіреп қарап қалды.

Ғайрат пен Асия екеуі телеграмманың о жақ, бұ жағына асығыс бір қарап шығып, оны аналарына ұсынысты.

— Ана, жылдам оқып жіберші, сөйтші, ана! — деп асықтырды Ғайрат.

— Кімнен келген екен? — деп, Асия да анасының аузына телміре қарай қалған еді.

— Бұл папаларыңнан келген телеграмма екен. Саған жіберіпті, Ғайратжан! — деді ана.

— Маған ба екен? Не депті?

Ана дереу телеграмманы ашып, қасында шоқ жайнап тұрған екі жұп қара көзге кезек-кезек қарап қойып, оқый бастады:



— «Ғайраттың тұңғыш рет оқуға баруын шын көңілмен құттықтаймын. Үлгілі оқушы болуына тілектеспін. Асияға сәлем?»

— Папамнан кепті, папамнан кепті! Маған сәлем айтыпты, — деп Асия кішкентай ғана қолдарымен телеграмманың бір шетінен ұстап, қуана күлді.

— Ана, құттықтаймын дегені не ол? Жақсы деген сөз бе? — деп сұрады Ғайрат анасынан.

— Құттықтаймын дегені «Ғайраттың мектепке барғаны құтты болсын, жақсы оқысын» дегені.

— Оho! — деді Ғайрат.

— Жүрелік енді! — деп, ана екі баласын ертіп, мектепке қарай аяңдап кетті.

Ғайрат сары сумкасын оң қолына алып, ерекше бір әдеппен анасының алдына түсіп жүріп берді.

Ғайрат екі қабат үлкен ақ үйдің алдына кеп тоқтады. Жасыл сырмен боялған үлкен қақпаның маңдайына: «Хош келіңдер, балалар!» деп, қызыл матаға әсемдеп жазылған ұран ілінген.

Ғайрат анасы мен Асияны күтіп алып, мектеп ауласына үшеуі бірге кірді. Коридорға кірісімен кезекші мұғалім бұларды жылы шыраймен қарсы алып, мектеп залына енгізді.

Зал іші балаларға лық толған. Даң-дүң.

Әсем киініп, шашын шалқасынан қайыра таратқан бір жастау әйел Ғайраттың қасына жетіп келіп, амандасты да:

— Сені қай класқа жазып еді? Класыңды білемісің? — деп сұрады.

Ғайрат не дерін білмегендей, қысылып, қасындағы анасына қарады.

— Білмеуші ме ең? Айтып жүруші ең ғой? — деп күлімсіреді оған анасы.

— «А» ға! — деп ақырын ғана сыбыр ете түсті Ғайрат.

— Е, біледі екенсің ғой, бәсе! Тағы едік қой скеуміз, ұмытып қалғанбысың? Бері жүр, біздің класс мынау, — деп жаңағы жастау әйел залдың оң жағындағы есігінің маңдайына «Бірінші «А» деп жазылған класқа қарай аяңдады.

Асия анасының қолынан мықтап ұстап, оған қарай тығыла берді де, Ғайрат үлкен көздерін анасына бір аударып қойып, мұғалімнің соңына ақырын ғана аяңдап еріп кетті.

* * *

Класс іші у-шу. Парталар тақылдап, тағы балалар бірінің бірі аттарын шақырып, өздерінің оқушы болғандықтарына жарыса мақтанысып та жатыр.

Ғайрат та мұғалім көрсеткен үшінші қатардағы партаға біраз отырып, жап-жағына көз жіберіп, жаңа ғана орнынан тұрған еді. Сол мезетте есік ақырын ғана ашылып, класқа мұғаліма кіріп келді де, балалар жым бола қалысты.

— Балалар, мінеки енді, оқушы болдыңдар. Сендерді мен оқытамын, — деп мұғаліма өзінің аты-жөнін айтып берді. — Бәріңді де бүгінгі бірінші оқу күндеріңмен құттықтаймын.

Сөйтіп, енді бүгіннен бастап мектепке күнде келіп тұратын боласыңдар. Күніне 4 сабақ оқыйтын боламыз,—деп мұғалім төрт саусағын шошайтты.— Әркім осы отырған парталарыңда отырады. Өз парталарыңды, жандарыңдағы жолдастарыңды жақсылап танып алыңдар.

Ғайрат жанында отырған балаға қарап, ақырын ғана:

— Атың кім? — деп сұрады.

— Қайриман! — деді ол да сыбыр ете түсіп.

— Екеуміз енді дос боламыз, күнде бірге отырамыз, я!

— Көріп алдыңдар ғой, балалар? — деп, сәлден соң мұғаліма сөзін жалғады.

— Көріп алдық!

— Біз енді күнде жазу жазып, оқып, есеп шығарамыз. Сурет салып, дене шынықтырумен шұғылданамыз, өлең айтамыз. Кей күндері бақтарға, музейге барып тұрамыз. Кешікпей әлі жазу жазып, кітап оқыйтын да боласыңдар. Сөйтіп, біз енді сендермен жақсы таныс болдық. Мен өзім атымды жаңа айтып бердім. Енді маған тәртіппен сендер айтып беріңдер...

... Сөйтіп, алғашқы күнгі сабақ Ғайратқа сонша бір көңілді боп көрінді дерсің, тіпті

оның қалай жылдам өткенін ол аңғармай да қалды.

Ғайрат бүгінгі күннің қызықтарын анасына айтқанша тағат тапқан жоқ. Анасы мен Асия күтіп тұрған жаққа қарай үкідей ұшқан ол, оның қолынан ала кетіп:

— Апа! — деді.— Біздің мұғаліміміз өте жақсы кісі екен! Бізге көп-көп әңгіме айтып берді. Күнде... күнде...— деп Ғайрат сәл бөгеліп қалды да,— біз енді оқушы болдық, во! Бір жылдан кейін апаларыма хатты өзім жазатын болам! — деп ол аузы аузына жұқпай, асыға сөйлеп үйге қарай кетіп бара жатты,— апа, мен ертең ұйықтап қалып жүрмейін, оятып жібер, жарай ма?

— Мақұл, балам, оятамын...

— Апа, мектепке мен енді қар екі жауған соң барамын ғой? Ғайрат сықылды маған да сумка, дәптер, кітап әпересің ғой, ә? — деп бір жағынан Асия да қалысар емес.

— Әперемін, қызым! Бәрін де әперемін! Ендігі кезек сенікі,— деді анасы оған елжірей қарап.

Я, ендігі кезек Асиянікі

Ж. Босақов.

БҰЗАУШЫ БАЛА

Очерк



аң білінгеннен-ақ Сталин атындағы колхоздың мал қораларында қарбалас жүріс басталып, еңбек қызды. Халат қиген сауыншылар іске кірісті.

Жаңабай ферма меңгерушісі Елеусізовты іздеп келе жатыр еді. Ол кісі ересек бұзаулар

қамалған шарбақтың есігінен шыға келді.

Ферма меңгерушісінің жіті көздері жалпақ қайыстан істелген шартылдауық қамшыға қадалды. Ол қамшыны Жаңабайдың қолынан алды да, шарбақтың ар жағына тастай салды.

— Есіңде болсын, біз малды дойырман емес, мейірман бағамыз.

Жаңабай үнсіз бас изеді. Шарбақтың дала жақ есігінің сыртына үлкен таразы орнатылған екен, Елеусізов тізімді Жаңабайдың қолына беріп, бұзауларды атап шақыруды тапсырды. Бала өзі бағатын осы момақан да, ойнақы малды салмақтары бойынша қабылдап жатыр.

— Ақмес, Ақмес! — деп дауыстады ол шарбақ ішіндегі бұзаулар сиреп қалған кезде.

Бірақ бұл шақыруға «ыммм» деген әлсіз ыңырсу ғана естілді. Өлшеушілер дыбыс шыққан жерге келді. Құлағы қалқыған ақ бұзаудың түрі атына мүлде қайшы еді. Арқа қыры пышақтай, қатып тұрған бір қақпыш.

— Бұл үш егіздің кенжесі, ерекше күтімді керек етеді,— деді Елеусізов Ақместі демеп тұрғызып.

— Тым қалжау екен, ағай...— деп Жаңабай ферма меңгерушісіне өтіне қарап еді. Ол баланың ойындағысын тапқандай кесімін бір-ақ айтты:

— Күйлі малды әркім-ақ бағады. Ал, сенің еңбегің түбінде осы Ақмес арқылы бағаланады.

Бұған бала үнсіз бас изеді. Оның жүзінен өкініш пен күдіктің белгісін анық оқуға болатын еді. Мына ақ бұзаудың салмағы да түк емес; 22-ақ кило. 40 килодан астам салмағы бар бүйірлі бұзауларға қарағанда ол бір өлімтік тәрізді. Ақместі қадағалай отырып, Жаңабай 95 бұзауды ауылдан айдап шықты. Ферма меңгерушісі Елеусізов те балаға мал жаю жөнінде ақыл, кеңесін жүре айтып, көп жер шығарып салды.



Мюнь айының жарқын шуақ күндерінде шөп біткен бойына нәр жыйып, құлпыра түскен. Талдықөлдің ық жағасындағы ойдымның табиғи жоңышқасын быртылдата шайнаған бұзау табыны Жаңабайдың жүрегін ынталы бір сезімге бөлеген.

Бұл күндері бұзаушы бала жұмысының да өзінше ерекшеліктері, өмір тәжірибесінен шыққан игілікті жақтары аңғарыла бастаған еді. Таңертеңгісін Жаңабай бұзауларды көлдің күн шығыс, қыраттау жағына жайып, көл жиегінен суарады. Салқында шабытпен оттаған бұзаулар бозғылтым көде арасынан ащы жусанды да бытырлата үзеді. Мұны Жаңабай өзінше бағалап, «винегрет беткейі» деп атайды. Өйткені, ащы аралас жерден ерте оттаған бұзаулар түстен кейін одан әрі азықтануға құмарта түсетінін бала күнде көріп, оны Елеусізов айтқандай-ақ көкейіне түйіп алған еді.

Ал, түстен кейін күн аспан көгіне жоғары шарықтап, жер бетін ыстық леп кеулейді. Бұл кезде Жаңабай бұзауларды көлдің ойдым жағына, қалың қамыстар мен топ теректердің көлеңкесіне паналата жаяды. Ол ыстықтаған бұзауларды енді көлден емес, ағаш түбіндегі кішкентай бұлақтың мұздай суына суарады. Суық суға әбден қанған бұзаулар бастарын сергектене шайқап қойып, көк майса мен жоңышқаны кешіп оттайды. Салқын ойдымда бір сәт рақаттанған бала да ағаш көлеңкесіне отырып, кітап оқып алады. Сондықтан да бұл жерлерге Жаңабай «Рақат алаңы» деп өзінше ат қойған.

Әсіресе, Ақмес жақсы оңалмады. Басқа бұзаулар алды күніне 700 грамға дейін қосып жатқанда бұл 200 грамға әрең жетіп жүрді. Жас бұзаушыны бұл қатты мазалады. Басқа бұзаулар болса, аптасына бір рет өлшенеді, ал оны Жаңабай күнде өлшейді. Оны жемге де үйретті. Арық бұзау бұған да тез көтеріле қоймады. Енді біраздан бері жүгеріге үйретіп жүрген болатын. Бүгін асығыста сүрленген көк жапырақ және собық салған қапшығының үйде ұмыт қалғанын есіне алған бала, кенет, селт ете түсіп, жан-жағына қарады. Осы кезде көл жағасындағы қамыстың арасынан мылтық даусы естіліп, түтін бұрқ ете қалды. Көп кешікпей қамыс ішінен қаладан келіп жүрген Кәрім дейтін бала шыға келді.

— Сен неменсе, мезгілсіз уақытта құсты үркітіп жүргенің?

— Әттең, қашықтау болғаны,— деді Кәрім бұл сөзге мән бермегендей. Бірақ Жаңабай өкшелей түсті.

— Қазір құс атуға ұлықсат жоқ екенін білесің. Мен мұныңды «Қазақстан пионеріне» жазып жіберемін.

— Ой, жарайды, соған да ма? Мен үйректі емес, балшықшыны ғана көздеймін,— деп жалтарды Кәрім ыңғайсызданып.

— Жарайды, жазбай-ақ қояйын. Сен, бірақ, маған көмектесші... үйде бір нәрсем қалып қойыпты.

— Ол не?

— Дүмбіл.

— Дүмбіл?! Айтшы, ол не керемет?

— Оны түсіндірмей-ақ, өзін көрсетейін, сен мына бұзауларды байқай тұр. Мен тайыма мінемін де, шауып барып қазір алып келемін.

Қайтып оралған Жаңабай ала тайдың ауыздығын алып қоя берді де, кішкентай қапшықты аша бастады.

— Ой, мынауың... әлгі, әлгі... е, жүгері ғой,— деді Кәрім көңілденіп.

— Жоқ, жүгері деп біз оның жапырағымен, сабағымен, собығымен түгел қосып атаймыз. Ал, собықтың әбден шытырлап піскенін ғана собық дейміз. Қолымдағы сүт болып қамырланған кезі. Сондықтан да мұны диханшылар дүмбіл деп атайды.

Ал, Ақмес қапшықты аша бастағаннан-ақ жетіп келіп, көк сабақты жей бастады,— деп Жаңабай қолындағы дүмбілді салмақтап қойды.

Балалар бір дүмбілді асып, бір дүмбілді құмға көміп қуырып жеді. Жаңабай өзінің колхоз зоотехнигінен естігендерін айтып, Кәрімді жүгері туралы әбден хабардар етті. Әрине, «мұны біз тәжірибеден көреміз» деп өзінің еңбек адамы екенін де сездіріп, орынды жерде мақтана кетуін де ұмытқан жоқ. Ол былбырап асылған екі дүмбілді Ақместің аузына салып жегізді.

— Мұның өзі нағыз сыйырдың асы екен ғой,— деді Кәрім.

Бұзауды ауылға беттететін уақыт өтіп бара жатыр еді. Жаңабай екі қолын аузына салып жіберіп ысқырғанда бұзау табыны иіріліп топтала бастады...



вгуст айының соңғы күндерінің бірі. Үстіне өз бойына шақ плащ киген Жаңабай жаңбырдан жасқанбастан бұзау өлшеп жүрді. Бұл жолы тізім Елеусізовтың қолында.

— Алмұрт, Алмұрт! — деп шақырды ол маң басып келе жатқан ала бұзауды шола қарап.

— 80 килограмм, оһо. Бұлар ерте туған ірі торпақтар ғой. Ең арығы Ақмес қой. Соны шығаршы кірге, — деп дауыстады Елеусізов.

Ақместің қалақтай саны жұмырланып, енді бүкіл сом денесі тұтаса қозғалады. Шағын әукесі екі жаққа баяу теңселіп, ол талпақ мұрнын жыйыра көтереді.

— 72 кило. Жарайсың, Жаңабайым, — деп сүйсінді ферма меңгерушісі. — Жасырып та, ашық та дүмбілмен жемдегенің босқа кетпепті. Ей, сауыншылар, көріңдер мына жүгерінің қандай екенін! — Ол Жаңабайға қайтадан бұрылды. — Міне, мұның бесінші кластық достарыңа, бүкіл мектебіңе ұялмай айтатын табысың болды, — деп қорытты ферма меңгерушісі таразының ілмегін сарт еткізіп.

— Онда не тұр, — деп бұзаушы бала ыңғайсызданған еді.

— Онда сенің, Елеусізов Жаңабайдың, болашақ малшы екені тұр.

Бала мойнындағы қызыл галстук оның қоңырқай жүзіне өмірдің өзіндей әрі жарқын да, әрі айбынды нұр беріп тұрды.

Ақмола облысы.

А. Діқанов,

Коля сабақ дайындайды

Коля стол жанына отырып дәптерінің бетіне сызықтар салады. Сызықтар бұдан аз-ақ бұрын кыйқы-жыйқы болып жөнді жазылмайтын. Ол жазғандары мен салыстырғанда мүлде басқаша көрінетін. Я бұл мен салыстырғанда мүлде басқаша көрінетін. Я, бұл бұдан бұрынғы оқыйғалар. Енді бұл отырғанда Коля, қайткенде бас алмауға тырысып жазып отыр. Оның зейін қойып сызғаны сонша, аузынан тілі де салбырап кеткен.

Міне, енді екі жол жазып, Коля шұқшыя қарап, өзінің жазуына риза болғандай. Сызықтар қаз-қатар, әдемі тізіліп қалды. Оның ойынша, бұдан жақсы болуы тіпті мүмкін емес сыяқты. Сызықтардың бойлары да, жуандығы да біркелкі. Қуанып кеткен Коля шыдай алмай екі аяғын біріне-бірін тырс-тырс соғып та қойды. Сонан кейін ол қолына дәптерін алып, орнынан маңғаздана тұрды да асқанадағы мамасына келді.

— Міне, — деді Коля, — менің жазғанымды көрші...

Мамасы қолын алжапқышымен сүртіп, оның дәптерін алды.

— Жақсы, тіпті көруге де сүйкімді.

Коля қуана жымыйып мамасына:

— Бізге ертең тіпті бір бет жазып келуді тапсырды. Сен қалай дейсің, мынаған бес қояр ма екен? — деп сұрады.

— Бес дейсің бе? — деп сұрады мамасы. — О, мен оны біле алмаймын.

— Білесің, білесің... Сен өзің айттын ғой, жақсы жазылған деп.

— Жә, Коля, жаз, — деп мамасы оны тоқтатты да өзінің қызылшасын тазалауға кірісті.

— Мама-а!... — деп Коля мамасының қолына жармасты, — айтшы...

— Жарайды, еркелеме, бар жаз, — деп мамасы теріс айналды.

— Айтқың келмесе жарайды, айтпай-ақ қой! — деп Коля бұртыя бөлмеге шығып кетті.

«Ерегіскенде беске жазармын-ау, сонда көрерсің!» — деп күбірлеп, ол қағаздың бетіне тағы да сызықтарды түсіре бастады. Шынында, бүгін нағыз бір сәті түскендей-ақ, сызықтар өте әдемі жазылып жатыр.

Коля ең аяғында үлкен нүкте қойды да, көңілдене бір күрсінді. Оның енді дәптерін мамасына тағы да көрсеткісі келеді. Әлгі ашудан да түк қалған жоқ. Сызықтардың бәрі ешбір мүлтіксіз иін тіресіп тұра қалған соң ашу қайдан болсын.

Коля дәптерін алып тағы да асханаға жөнелді.

— Мама, бері қараңызшы, мынаны көріңізші.

— О, жігіт екенсің, — деп мақтады мамасы. — Міне бұған шынында бес қоюы ықтыымал.

— А, сен мұны бағана неге айтпадың, — деп таңырқады Коля, — жаз, жаз дей бергенше...

— Мен сенің барлық жазуыңның мұндай жақсы болып бітетінін білмедім ғой. Сен онда бар болғаны екі ғана жол жазған едің ғой.

В. Росин.



ЖЫЙЫНҒА ӘЗІРЛІК

«Менің сүйікті ісім» деген тақырыптағы жыйын 2-отряд пионерлерін бірден қызықтырды. Кім өз өнерін көрсетуден қашсын! Әрбір звено жеке-жеке жыйынға дайындала бастады. Бұл жөнінде мектепте де, үйде де қол бос уақытта көп жұмыстар істеуге тура келді. Жыйынға әзірлік барысында пионерлердің әрқайсысының әртүрлі шеберлігі барлығы анықталды. Отряд қалалық пионерлер үйімен тығыз байланыс жасап, түрлі үйірмелерге белсене қатынаса бастады. Сөйте жүріп көп өнер үйренді.

Отрядта ұзамай-ақ суретшілер, гүл өсірушілер, кестешілер, әншілер, авиамоделистер, корабль жасаушылар, спорт шеберлері, музыканттар, ұсталар, скульптурашылар шыға бастады. Мұның өзі, біріншіден, отрядқа жаңалықтар әкелді, екіншіден, отряд советінің мүшелерін ұялтты. Себебі, бес жыл бірге оқый жүріп, бір-бірінің өнерін білмеу ұят емес пе! Әрине, ұят. Отряд өмірі тіпті қызықты болып кетті.

Отряд пионерлерінің асыға күткен күні де келді. Жыйынға суреттер, үйде өсірген бірнеше түрлі гүлдер, қолдан жасаған макет, модельдер, жаңадан жыйналған жәндіктерден коллекциялар мен өсімдіктер гербарийлері қойылды. Мұнда пионер Валерий Баршаков фотоаппарат моделін, Юля Лысенко бірнеше кесте, Игорь Черников суреттер, Валерий Ананьев экскаватор және трактор макетін, Юрий Беликов кішкентай кітап жыйнайтын этажерка жасап әкелді.

Сөйтіп, «Менің сүйікті ісім» деген тақырыптағы жыйын отрядтың жұмыс жоспарын жаңа істермен толықтырды және пионерлердің отряд өміріне, оның жұмысына қызу араласуына жағдай жасады.

Жыйынға мектепті қамқорлыққа алған қаладағы Арматур, жарма заводтарынан және кинофикация мекемесінен өндіріс озаттары мен мамандар шақырылды. Олар өз мамандықтары жөнінде әңгімелесті. Бұл мектептің басқа отрядтарына да ой салды.

Орал қаласы 6-мектеп.

Х. ҚЫДЫРОВ.



КЛАСС ГАЗЕТІ

Әдеппен қарсы алған оқушыларымен амандасып, столына барған директордың көзі қабырғаға түсті. Класс газеті ілінген екен. Қызыл бояумен «Оқушылар өмірі» деп жазылған газет аты көз тартып тұр.

Директор сонда барды. Оның көзі бірінші, екінші бағана-ларды тез жүгіртіп өтіп, үшінші бағанаға келгенде ұзағырақ тоқтады. Мұнда қызыл-көк бояулармен әлемештелген екі баланың суреті тұр еді. Бірінің аузында түтіні бүрқыраған темекі, екіншісі «Маған да қалдыра көр» дегендей оған қолын соза ұмтылып жатыр...



Әбжан менен Қарақұл
Қақпа ығына тығылды.
Оңашаға шыққан соң
Бұрқыратты шылымды...

Қолын қалтасынан шығармаған күйі директор балаларға бұрылды. Қысық көзді қара торы бала орнынан сасқалақтай тұра келді.

— Темекі тартатының рас па?

Қысыла түскен баланың басы төмен салбырап кетті. Күміл-жи жауап берді.

— Рас еді... Бірақ бұл әлдеқашанғы оқыйға... қазір қойғанмын...

— Ендеше мынау қалтаңдағы не?

— Бұл... бұл...

Баланың аузына осыдан басқа сөз түспеді. Мықтап тұтылғанын сездіре көздері жыпылық қағып, қалтасына бара берген қолын от басқандай қайта тартып алды... Онда екі пачка «Беркут» тұр еді...

— Міне, газет сырын қалай анықтадық,— деді директор.

* * *

Класс оқушылары өз газеттерін жанындай сүйеді. Оларға, әсіресе, ұнайтыны класс газетінің «Тікенек» бөлімі. «Оқушылар өмірінің» үшінші бағанасы солай аталады. Мұнда кластағы тәртіп бұзған оқушылар мен нашар үлгірушілер қатаң сынға алынып отырады.

... Міне, кластағы сабақты нашар үлгіріп жүрген екі оқушы кездесіп тұр. Екеуінің де етегіне жармасып алған «екіліктер». Оның астында бір шумақ өлең бар.

Бір-біріне тұр күліп.

— Жүрсің қалай үлгіріп?

— Өзің қандай мен сондай,

Білмеймісің бір жүріп...

Іздерінде «екілік»

Айта алмай тұр өтірік...

Класс газетін көркемдеп шығаруда редколлегия мүшелері Серімбетов, Қазыбаев, Ахметовтар көп еңбектенеді. Кезекті санда көтерілетін мәселелер туралы класс жетекшісі Сейткеновпен ақылдаса отырып, дайындалады.

«Оқушылар өмірінің» тағы бір мақтарлық жағы: балаларды қызықтыратын кроссвордтар мен жұмбақтар, оқушыларға пайдалы кеңестер беріліп тұрады.

ЗЕЙНОЛЛА ШҮКІРОВ.

Бөген орта мектебі, Арал ауданы,
(Қызылорда облысы).

ҚАРАКӨЛ СУАТЫНДА

Қалжан мен Омар сабақтан шығып үйлеріне қайтып келе жатты.

Жол Қаракөлді басып өтеді. Бұл — ені бір километрдей, ұзындығы екі километрдей шаршылау біткен, жағасы малға жайлы, шөбі шүйгін, оңтүстігі қалың қамысты көл. Бүгін Қалжандар физикадан дыбыс туралы сабақ өткен еді, сол есіне түсе кетті ме, әйтеуір қасындағы екі класс төмен оқыйтын Омарға:

— Сен мұздың дыбыс өткізетінін білесің бе? — деді.





— Жоқ.

— Білмесең, жүр. Мен көрсетейін.

Қалжан өзі мал суаратын бір суаттың басында қалды да, Омарды екінші суатқа жіберді. Сумкасынан темір сызғышын алып, мұзды тықылдатып еді, Омар:

— Естіледі, естіледі! — деп айқайлап жіберді. Омар қолын бұлғап шақырды.

— Қалжан, суаттағы су бір төмен, бір жоғары шығып неге толқыйды?

Расында, ақпайтын көлдің суы толқуы мүмкін емесін естияр Қалжан жақсы білуші еді.

— Мұнда бір гәп бар, — деді Қалжан. Сөйтті де көлдің оңтүстігіндегі қамыс жаққа көз салды. Ондағы ойы — сол тұста колхоздың сыйыр фермасының малдары келіп түспеді ме екен дегені еді.

Солай қарай екеуі жүгіре жөнелді. Көлдің шет жағына жете бергенде, олар алқымынан суға батып, иегін мұзға артып жанталасқан топ сыйырды көрді. Манағы суды толқытқан да солар екен.

— Жүгір, фермадағыларға хабар бер, біз бәрібір шығара алмаймыз, — деді Қалжан қасындағы балаға. — Сыйырлар кеудірекке түсіп кетіпті де.

«Кеудірек» деп бұл өлкеде қаймыжықтай жұқа боп қатқан мұзды айтушы еді. Бір кезде Омардың әкесі Серікбай мен Жақсыбек салып жетіп келді.

Судағы сыйырларды көргенде, бақташы Серікбай:

— Япырмай, әлгіде ғана күн шуақтау болған соң, бой-жазсын деп тоғайға жіберіп едім, — деп өкініп жатыр.

Үлкендер сыйырларды жылдам шығарып алды.

Колхоз басқармасы Қалжан мен Омарға алғыс айтты.

Шиелі ауданы, «Ортақшыл»
жетіжылдық мектебі.

Ә. АЙЖАНОВ.

БОЛАШАҚ ТЕМІРЖОЛШЫ

Елеусіз кішкентай күнінен-ақ білуге құштар болып өсті.

«Құс қалай ұшады? Радио қалай сөйлейді? Электр шамы қалай жанады? Қар неге сықырлайды?..» Осындай алуан-алуан сұрақ беріп, бір тычым таппайтын.

Бертін келгенде: «Паровоз қандай күшті? Ол қалай жүреді?» деген сұрақпен шұғылданды.

Былтыр осы арманы жүзеге асты. 7-класс оқушысы Елеусіз Айтуғанов мектепте ұйымдасқан «Теміржолшылар үйірмесіне» кірді. Қарт теміржолшы Ф. С. Демьянов үйірме мүшелерін бірден қызықтырып әкетті.


Елеусіздер былтырдың өзінде паровоз жүргізудің алғашқы курсына жақсы бітіріп шықты.

Быйыл темір жол техникасының талай тарауларын өтуде. Елеусізбен кеңессеңіз, оның айтатыны, көбінесе, паровоз, депо, жол жайы.

— Мен теміржолшы боламын, — дейді ол. Ол болады да. Оған оның білмекке құмарлығы, табандылығы кепіл.

Қарағанды, 1-орта мектеп.

Ә. ҚЫЛЫШБАЕВ,




О Д А Н - Б У Д А Н

КҮН БАТАРДА ЖӘНЕ ШЫҒАР КЕЗДЕ НЕЛІКТЕН ҚЫЗАРАДЫ?

Күннің бізден өте қашықтықта екені бәрімізге мәлім. Егерде сағатына 350 километр шапшаңдықпен ұшатын самолетке мініп, Күнге қарай ұшсақ, оған жету үшін 50 жыл уақыт өтер еді.

Күннің қызуы да өте ыстық. Оның ішкі қабатының қызуы 20 миллион градусқа жетсе, ал сыртқы жағының температурасы 6000 градусқа жуық. Күн жерге жылу беруден бірге, мол жарық та береді. Әсіресе, күн ашық күндері түс кезінде оның жерге сәулесі де, жылылығы да өте мол түседі. Бұл кезде Күнге жай көзбен қарай



алмайсың да. Себебі, дәл төбеде тұрған күн сәулесі жерге тік шапшыла түседі. Ал, Күн еңкейген, әсіресе, батар кезде оның сәулесі жер бетіне көлбей түсіп, оның өткірлігі бәсеңсиді. Бұл кезде Күннің беті де көзге үлкен болып көрінеді. Мұның себебі неде? — дегенге келсек, мұның себебі: біріншіден, көлбей түскен сәуле тік түскен сәулеге қарағанда ауа қабаттарына көбірек кездеседі. Ал, бізге белгілі, ауада су буларының, шаңдардың түйірлері көп, олар күн сәулесінің біразын өз бойына сіңіріп, шашыратып жібереді. Яғни ауа қабаттары неғұрлым қалың болған сайын, сәуле солғұрлым бытырайды және сәулені бойына сіңірген бу, шаң түйіршіктері көзге әртүрлі бояумен көрінеді.

Сөйтіп, күн батар, шығар кезде Күннің көзге қызарған болуы және бетінің үлкен болып көрінуі, ауадағы су булары мен шаң түйіршіктеріне байланысты.

Г. С. СЫЧЕВ,

15-орта мектептің
география мұғалімі.
Алматы қаласы.

ХИМИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ АТТАРЫ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?

Қазіргі уақытта Менделеевтің таблицасында 100 элемент бар. Ал, осы элементтердің аттары әртүрлі. Біріне бірі ұқсамайтын қызықты аттар. Мысалы: хлор, галлий, германий, кюрий, европий, америций... т. б. Кейбір элементтердің аттары сырттай қарағанда мағнасыз сыяқты көрінеді. Әрбір элементтің атының өз тарихы бар.

Оқымыстылар, көбінесе, элементтің атын сол элементтің алғашқы табылған жерінің, қаланың немесе адамның атымен атаған. Мысалы: европий «Европа» деген сөзден, германий «Германия» деген сөзден, галлий «Галлия» (Францияның ертедегі аты) деген сөзден, скандий «Скандинавия» деген сөздерден алынған. Сол сыяқты лютеций элементінің аты ертедегі Париж қаласының атынан, гафний элементінің аты ертедегі Дания астанасының атынан алынған.

Атақты химик Р. Клаусс өзі жаңадан ашқан элементке «рутений» деп ат берген. «Рутений» деген сөз «орыстық» деген мағна береді. Бұлай аталуының себебі рутений элементі Россияда Қазан қаласында ашылған.

Кейбір элементтерге планеталардың және жұлдыздардың аттары қойылған. Мысалы: уран, палладий, церий, теллур, селен және гелий. Гелий деген сөз гректің «гелиос» (күн) деген сөзінен алынған. Гелий элементі алғашқы рет спектрлік анализ арқылы күннен табылған.

Кейбір элементтерге оқымыстылар халық аңыздарындағы құдайлардың атын қойған. Мысалы: ванадий құдай атынан алынған.

Үш элементтің аты таза орыс тілінен алынған. Олар: гадолий, рутений және самарий. Гадолий элементінің аты орыс профессоры А. В. Гадолиннің құрметіне қойылған да, ал самарий деп самарскит деген минералдың атынан алынған. Самарскит минералы Урал тауларынан табылған.

Бұдан басқа отызға жуық элементтердің аттары ескі грек, латын, араб және индуcс тілдерінен алынған.

Соңғы жылдары ашылған ураннан соңғы элементтердің аттары планета, жер және адам аттарымен аталғанын көреміз. Мысалы: нептуний, плутоний элементтеріне

планета аттары берілген. Кюрий элементінің аты атақты оқымысты Мария Кюри Склодовскаяның есімінен алынған.

Ең соңғы ашылған 101-элемент «Менделеевиум» деп аталады. Бұл элемент 1955 жылы ашылды және атақты орыс ғалымы Д. И. Менделеевтің құрметіне «Менделеевиум» деп аталды.


Егер элементтің атының шығу тарихын және қандай мағна білдіретінін жақсы білсек, элементті есте сақтау да оңай болады.

Е. БЕКЕНБЕТОВ.

Сырдария ауданы.

ТЕҢІЗ ТҮБІНДЕГІ КЕМПІР- ҚОСАҚ

Мен 1955 жылы июль айында теңіз арқылы Гурьевке қарай келе жатып, мынадай қызық құбылысқа көзім түсті.



Алып толқындар бірін-бірі қуалап кеп портқа бар пәрменімен соғып кейін қайтқанда, шашыраған сулар астынан сарғыш-қызғылт жолақ көрінді. Бұл аумаған кемпірқосақтың өзі еді.

Бұдан біз қайыққа соққан толқындардың шашыраған су тамшыларынан өткен күн сәулесінің теңізге сынып түскен көрінісі судың түбінде кемпірқосақ боп тартылатынын байқаймыз.

Теңіздегі жолақтың көктегідей жасыл-қызғылт болмай сарғыш-қызғылт болуы неліктен?

Көк пен теңіз екі түрлі нәрсе, бірі ауа, екіншісі су, ал екеуінің түсі де біріне бірі қарама-қарсы ғой. Аспан көгілдір, сондықтан онда жасыл-қызғылт сәуле анық көрінеді. Ал, теңіз жасыл болғандықтан, өзі түстес бояуды жеңіп, байқатпай жібереді. Міне, сондықтан Каспийдегі кемпірқосақ сарғыш-қызғылт болуы әбден табиғи нәрсе.

«Табиғаттың сырлары көп-ау, тек біз оларға көңіл бөлмейміз ғой» — деп ойладым.

И. ҚАБДОЛОВ,
Форт Шевченко.

Жаңа КІТАПТАР

ДОС ОТРЯДТА



«Дос отряд» ақын Қабыл Борамбаевтың балаларға арналған өлеңдерінің жыйнағы. Бүгін ақынның әр тақырыпқа жазған дос отряд, кітап, мұғалім, оқушылардың әртүрлі мінездері, дәулетті колхоз туралы өлеңдері кірген. «Кітап туралы ой» атты өлеңінде Қабыл жас пионерлерге кітап оқудың қажеттігін, кітап-білім бұлағы екенін насихаттайды.

Жақсы кітап қыймас
доспен тең келер
Сусын тауып, жас
жүрегің тербелер

Сол кітапқа қайта-қайта сүнгірсің
Ойың толқып, әлем өрін өрмелер,—

дейді ол.

Ақынның балалардың әртүрлі мінез-құлықтарын суреттеуге арналған өлеңдері тартымды да көрікті. Ол «Қандай оқушы?» атты өлеңінде үнемі ойын қуып, сабақ оқымайтын, бірақ сабақтан да қалмайтын, екілік баға да алмайтын, ылғый «үшке» оқып дағдыланған жалқау бала Әлімбаиды сынайды. Егер ықтыяттап оқыса, Әлімбаидың тәуір оқуына мүмкіндік мол. Бірақ онда алға ұмтылу, талпыну жетпейтінін, мұның өзі баланың келешегіне ұнамсыз ықпал ететінін ақын орынды көрсетеді. «Оңай қулық» атты өлеңде Әлімқұл деген бала мектепте «екілік» алып қалып, оны шешесіне көрсетпеу үшін күнделігінің бетіне сыя төгеді. Ақын мұндай оңай қулықтың өрісі тар екенін әшкерелейді.

Ақынның тәуір өлеңдерінің бірі — «Маяковскийге еліктеп» деген өлеңі. Мұнда Қ. Борамбаев ұлы орыс ақынының ізімен жақсы бала мен жаман баланы салыстыра суреттейді. Ол сабақты жақсы оқыйтын, киімді таза киетін, үй ішінде де ұқыпты Сайранды мақтанымш етеді де сабақты нашар оқыйтын, ұқыпсыз Тұрсынның қылықтарын бетіне басады.

Қ. Борамбаевтың кітабында балалар сүйіп оқуға тұрарлық, жаттап алып мектеп сахнасында айтуға болатын тәуір-тәуір өлеңдер бар. Балалар, ақынның «Жақсы бала», «Маяковскийге еліктеп», «Қандай оқушы?», «Оңай қулық» тағы басқа өлеңдерін жаттап алындар.

АЛҒАШҚЫ АҢШЫЛЫҚ



Орыстың көрнекті балалар жазушыларының бірі — Виталий Бианкидің есімі қазақ оқушыларына да көптен таныс. Қазақ балалары оның талай тамаша шығармаларын қазір өзінің ана тілінде оқыйды. Жуырда қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы В. Бианкидің тағы да бір кітабын — «Алғашқы аңшылық» атты әңгімелер жыйнағын қазақ тілінде басып шығарды.

«Алғашқы аңшылық» кітабына В. Бианкидің бөбектер мен төменгі мектеп жасындағы балаларға ар-

наған үш әңгімесі кірген. Олар «Алғашқы аңшылық», «Құмырысқа үйіне қалай асықты», «Құйрықтылар» деп аталады. Жазушының бұл жыйнақтағы шағын әңгімелері сырт қарағанда аңдар туралы жазылған сыяқты болып көрінгенмен, шын мәніндегі бөбектерге арналған көркем әңгімелердің қатарына жатады. Бианки мұнда әр аңның өзіне тән қасиетін, ісін, қылығын суреттеу арқылы жас бөбектердің дүниетануына, хайуанаттар дүниесін жақсы білуіне көмектеседі.

«Алғашқы аңшылық» атты әңгіме, негізінен, бір күшіктің ауладағы тауықтарды қуалаудан жалығып, жабайы аңдар мен құстарды аулауға шыққан сапарын баяндайды. Ол оқпақты, сақау көкекті, бәбісекті, кесерткені, тағы басқа аңдар мен құстарды ұстамақ боп әуреленеді. Бірақ ешқайсысын да ұстай алмайды. Ал, аңдар күшіктен қалай құтылып кетті? Осы жағына байыптап қарасақ, біз әр аң мен құстың өзіндік бір ерекшелігін сеземіз. Мысалы, оқпақ күшік келген кезде қамыстың ішіне кіріп жоқ болды. Оның қамыс түстес, сары, қоныр жолақтары бар түсі күшіктің көзіне түспейді. Кесерткені ұстап алуға тырыссаң, ол құйрығын үзіп тастап, қашып кетеді екен. Бұл көріністер — жас балалардың дүние тануын, ой өрісін кеңейтеді.

«Құмырысқа үйіне қалай асықты» атты әңгімеде құмырысқалардың бір илеуде өте көп және тату тұратынын, оқып білуге болады.

Пионерлер, сендер, өздеріңнің інілерің мен қарындастарыңа Бианки әңгімелерін оқып беріңдер.

Мұқабаның бірінші бетіндегі «Қызық кітап», соңғы бетіндегі «Ренжітпе» деген суреттер. Алғашқы суретті Н. Гаев, соңғы суретті Н. Лебедев салды.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р. (редактор), Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 23/1—1956 г. УГ00140. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 27850 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 2126.



Белалыс УАҚЫТЫНДА

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1955 жылғы 12-номеріндегі кроссвордтың және «Тоғыз сөздің», «жұмбақтардың» шешулері.

«КРОССВОРД»

Көлденеңінен:

1. Нил. 3. Тіс. 5. Бір. 6. Қар. 8. Нап. 10. Сүт. 12. Шах. 14. Жер. 15. Ала. 16. Ата. 17. Түс. 18. Мат. 20. Қыс. 22. Қак. 24. Жар. 26. Жем. 27. Сал. 28. Сен.

Тігінен:

1. Нар. 2. Лақ. 3. Тор. 4. Сап. 5. Бес. 7. Ара. 9. Нәр. 11. Тас. 12. Шам. 13. Хат. 14. Жак. 17. Так. 19. «Ана». 21. Сым. 23. Қас. 24. Жыл. 25. Рас. 26. Жен.

«ЖҰМБАҚТАР»

1. Сағаттың үш тілі. 2. Қайшы. 3. Балдырлар. 4. Доп. 5. Екі қол.


«ТОҒЫЗ СӨЗ»

Қызык
Қазак
Қалак
Қабақ
Керек
Кебек
Кесеік
Қырык
Кезек.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Т. Науанов (Шалқар ауданы),
Б. Жүнісов (Ленгер қаласы),
М. Кенжеғұлов (Андреев ауданы),
Б. Надиров (Ұйғыр ауданы).

ЖЫЙЫРМА БЕС




Мына фигурада 6 шеңбер, 13 тор бар. Торларға 0 ден 12 ге дейінгі он үш санды орналастырғанда, әр шеңбердің ішіндегі төрт санның қосындысы 25 ке тең болсын.

Ф. ФАТКУЛЛИН.

КРОССВОРД

Тігінен:

1. Тәтті. 2. Монғолиядағы шаруа. 3. СССР-дағы тау. 5. Спорт алаңы. 7. Оңтүстік шекарадағы қала. 8. Заттың ұсақ бөлігі. 10. Франциядағы өзеі. 11. РСФСР-дағы облыс орталығы. 12. Қытайдағы қала. 14. Кавказдағы өзен. 16. СССР-дағы шың. 19. Түс. 20. Пушкин өлеңі. 21. Қазақстандағы теңіз. 25. Уақыт өлшеуіші. 26. Сап. 29. Ай. 30. Шахмат фигурасы.



Көлденеңінен:

3. Қазақ ақыны. 4. Бостандық. 6. Шығарманың сөзі. 8. Тау хайуанаты. 9. Белорусс ақыны. 3. Тушқан кітабы. 15. Одақтас республика астанасы. 6. СССР-дағы өзеі. 17. «Ботагөз» романындағы кейіпкер. 18. От. 22. Планета. 23. Польшадағы қала. 24. Адам психикасы системасы. 27. Карталардың жыйнағы. 28. Түс. 29. XVIII ғасырдағы француз буржуазиялық революциясының көсемі. 31. Дәнді дақыл. 32. Ауыл шаруашылық құралы.

Құрастырған Б. ШАКИЕВ.

Гурьев облысы.

ЖҰМБАҚ

Мысық мұрт, есек құлак, ешкі құйрық,
Түбінде әр бұтаның жүрер бұғып.
Естісе сыбдыр еткен бір дыбысты,
«Ал, қаш!» — деп төрт аяққа берер бұйрық.

Жіберген К. ӘМІРБЕКОВА.

Жалақорған ауданы.

БАҒАСЫ 1 сом

